



Ushqyr oıla! Brikke samğa! Álemdi sharla!

Farabı

№12


ЖЕЛТОҚСАН

2025

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Шығыс Қазақстан облысының әсем табиғаты!

Сурет: ЖІІ

Дереккөзі: <https://altainews.kz>

ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:

«Әділетті, Күшті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды кұрамыз»

Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Біз бабалар рухына тағзым етіп, өскелең ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, осы ұстанымға адал боламыз.

Азаматтарымыздың ырысты ынтымағының, өзара қолдауының және жасампаз еңбегінің, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің арқасында Қазақстан Тәуелсіздікті нығайту ісінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазір бүкіл әлем жылдам өзгеріп жатыр. Түрлі сынақтармен қатар, тың мүмкіндіктерге толы жаңа тарихи дәуір басталды.

Мұндай жағдайда біз жас және озық ойлы ұлт ретінде болашаққа зор үмітпен және нық сеніммен қарап, берекелі бірлігімізді сақтауымыз керек. Еліміздің жаһандық деңгейдегі беделі



мен бәсекеге қабілетін арттырып, Қазақстанды көркейген мемлекет ретінде дамыту үшін аянбай еңбек етуіміз қажет.

Қазір жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нәтижесінде зор табысқа жетеміз деп сенемін. Жан-жақты жаңғыруға бағытталған стратегиялық бағдарымыздан ауытқымай, Әділетті, Күшті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құрамыз.

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздік күнімен құттықтауынан, 2025 жылғы 16 желтоқсан).

<https://akorda.kz/>

Сурет:Первый канал Евразия

Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№12 (76) желтоқсан 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Әдібай Табылды Атыңнан айналайын, Тәуелсіздік

Жаралған бабалардың ерлігінен,
Таралған Желтоқсаннан – өр дүбірден.
Атыңнан айналайын, Тәуелсіздік,
Затыңнан айналайын, елдігімнен!

Мерейім – нұрлана бер, азат Күнім,
Көрейін бақытымның азаттығын!
Таңымды тамылжитқан бостандықтан
Танылды бар әлемге қазақ бүгін.

Қас сақпын – Күннің түрік баласымын,
Қазақпын – Ұлы Тұран Даласының.
Өмірдің жеңіп алған Еркіндігін,
Өр үнім, болашақтың данасымын.

Кең далам, мөлдір көлім, сеңгір тауым,
Ел, бабам жеңді ерлікпен небір жауын.
Байрағым желбіреп тұр биіктерде,
Байладым Тәуелсіздік өмір бауын.

Жаныммен тұттым бабам өсиетін,
Қаныммен жаздым заман қасіретін.
Мың жасап, бар ұрпағым бас иетін,
Қымбат-ақ, Тәуелсіздік, қасиетін.

Құттысың, Тәуелсіздік, киелі күн,
Құт күшім – егемендік иелігім.
Уақыттың биігінен шуақ төгіп,
Бақытым – Еркіндік боп, сүйеді Күн.

Жарық Күн тегім менің, жасын жаным,
Тарихтың төріндемін ғасырлардың.
Ақтаймын артқан ісін бостандықтың,
Сақтаймын Тәуелсіздік – асыл арым!

Нұрмұханбет Фариза Желтоқсанда...

Желтоқсанда желді ысқырық әні бар,
Желтоқсанда көз жасымның мәні бар:
Қыршын кеткен өрімдерге жан күйсе,
Желтоқсанда қуаныштың дәмі бар.



Желтоқсанда қандасымның қаны бар,
Ұлтым деген бейкүнәнің жаны бар.
Адамғұрлы көрмеген сол батырдың
Желтоқсанда ата-ананың зары бар.

Желтоқсанда ұлтым деген қамығар,
Кескініңді абыроймен танып ал.
Шырылдаумен шындық туын көтерген
Қайраттардың болашаққа қамы бар.
(Шетел жаққа мойын бұрған жігіттер,
Сөздерімді ақылменен қабыл ал.
Қатын десе арланады арыстан

Құлақ емес бойға намыс тағынар.
Елім деумен еміренер ерлерім
Ел алдында бояусызда танылар
Жан даусымды құлағыңа тағып ал)

Желтоқсанда нәзік жандар табылар,
Мұзға сүйреп иттер балақ қағынар.
Ләззаттар мен Сәбираның жан даусын
Тәуелсіздік ақ моншақ боп тағынар.

Желтоқсанда мұздақ оты жағылар,
Құрбандардың әр жүректе тағы (тақ) бар.
Жаңа жылдан ұлы бізде мереке
«Тәуелсіздік» дейтін үлкен бағы бар

Дереккөзі: <https://bilim-all.kz>

*Сурет:Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Орталық Коммуникациялар қызметі



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАПОНИЯ ИМПЕРАТОРЫ НАРУХИТОМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жапонияға алғашқы ресми сапары Император Нарухитомен кездесуден басталды.

Президент қонақжайлық танытқаны үшін Жапония Императорына ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Күншығыс елінің тәртібі мен табандылығын әуелден үлгі тұтатынын атап өтті. Сондай-ақ екі елді өзара құрмет пен түрлі саладағы табысты ықпалдастыққа негізделген байырғы достық қатынастар біріктіретінін жеткізді.

Император Нарухито Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары Жапония мен Қазақстан арасындағы байланыс тарихында елеулі уақиға ретінде қалатынын және екіжақты қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығаратынын айтты.

Мемлекет басшысы мен Император өзара ынтымақтастық мәселелері және халықаралық күн тәртібі жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Жапонияда тұрып жатқан қазақстандықтармен кездесті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта Жапонияда білім алып, түрлі салада қызмет етіп жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті.

Мемлекет басшысы Жапония сияқты дамыған елдің тәжірибесін зерделеу маңызды екенін айтты.

– Бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін береді деп ойлаймыз. Жапон тарапы да үлкен мән беріп отыр. Бүгін Премьер-министрмен кездесемін. Ынтымақтастығымыздың келешегі зор болатынына ешқандай күмән жоқ. Өздеріңізге белгілі, Қазақстан өз дамуында жаңа кезеңге қадам басты. Биыл ел экономикасының өсімі 6 пайыздан асты. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Дегенмен мұнымен тоқтап қалуға болмайды.





Инфляцияны төмендету, инфрақұрылымды жаңарту қажет. Қазақстан келешекте цифрлық елге айналуы керек. Алдымызда осындай үлкен мақсаттар тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Отандастарымыз арасынан Ritsumeikan Азия –



Тынық мұхиты университетінің вице-президенті, профессор Серік Мейірманов, ARIA Consulting негізін қалаушы Арайлым Хасан, Showa және Juntendo медицина университеттерінің доценті Әбдібек Қалибек, Ailia компаниясында жасанды интеллект технологиясымен айналысатын инженер Эльдар Төлеубай сөз сөйлеп, өздерінің Күншығыс еліндегі жетістіктерімен бөлісті.

Президент Жапонияда тұрып жатқан қазақстандықтарға табыс тіледі.

Токиода Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпқой сумошы Ерсін Балтағұлмен кездесті

Мемлекет басшысы Жапонияда білім алып, он жылдан бері ірі халықаралық жарыстарда көш басынан көрініп жүрген Ерсін Балтағұлды



қазақстандықтар мақтан тұтатынын атап өтті.

Сонымен қатар бүгін Император Нарухитомен кездесуде балуанның жетістіктері туралы әңгіме қозғалғанын айтты.

Қазақстандық спортшының лақап аты – Кимбозан. Бұл – атақты бапкер әрі төл сумо мектебінің негізін қалаушы, ояката Кисенің туған жері Кумамото префектурасындағы таудың атауы.

2025 жылғы 18 желтоқсан
Жапония, Токио қаласы
<https://akorda.kz/>



Тәуелсіздік – ұлттық рух пен Отанын шексіз сүйетін ұрпақ тәрбиелеу

Қағидасына сүйенген Алматы қаласы №154 жалпы білім беретін мектебінде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық және Ұлттық ұлан батырлары атындағы «Ерлік сыныбы» ашылды.

—Тәуелсіз мемлекетіміздің Қарулы күштерінің қайта құрылуына желтоқсан оқиғасы сеп болды. Елдің амандығы мен тыныштығын қорғайтын шегендеулі әскеріміз бар. Заман ілгерілеген сайын қарулы күштеріміздің әскери техникасы жаңа технологиялармен жабдықталып, алысқа құлаш сермеуде. Технология дамыған сайын оны меңгеретін білімді, білікті әскери мамандар қажет. Болашақта еліміздегі әлеуеті мықты салалармен бірге Қарулы күштері қатарына өз ісін жетік білетін мамандарды мектепте бүгінгі талапқа лайық қалыптастырып, дайындау - кезекті міндеттеріміздің бірі. Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен мектебіміз жаңадан бой көтеріп, іші заман ағымына сай құрал-жабдықтармен қамтылды. Осы орайда, мектебімізде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық және Ұлттық ұлан батырлары атындағы «Ерлік сыныбы» ашу туралы ұсынысымды мектеп мұғалімдері қолдады. Мектеп ұжымы ғана емес ата-аналар да қолдаған шараны арнайы Тәуелсіздіктің 34 жылдығы қарсаңында мектебімізде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының мүшелігіне ант беріп, қабылдау салтанатты рәсімін өткіздік. Мақсатымыз – оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, туған жерге деген құрметті, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, - деп

мектеп директоры Алмасбаева Қаламқас Қалиқызы шараның мақсатын қысқаша түсіндіріп өтті.

Бұл - өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық рухты бойларына сіңіру ісінің бір бағыты. Ең алдымен, ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру. Әскери-патриоттық тәрбие: батыр бабаларымыздың және қазіргі заман батырларының ерліктерін үлгі



ете отырып, оқушыларды батылдыққа, төзімділікке, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттау: жаттығулар, спорттық шаралар арқылы жастардың денесін шыңдап, салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Тағы бір маңызы – кәсіби бағдар беру: болашақта Қазақстан

Қарулы Күштерінің қатарын толықтыруға дайындау, әскери мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру. Басты міндеті – тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтатын, ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын, білімді, мықты жаңа ұрпақты тәрбиелеу.

Мың өліп, мың тірілген қазақтың,

Тәуелсізбін, егеменмін, азатпын.

Көк байрағым тұр көгімде желбіреп,

Алатаудай көкке өрлеген азатпын, - деп бастап жүргізуші жиынды ашты.

Еліміздің тәуелсіздігі мен еркіндігінің символы – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы кіргізілген соң, Қазақстан Республикасының Гимнін оқушылар оркестердің сүйемелдеуімен орындады. Арнайы шақырылған қонақтар сөз алды. Шараға әскери бөлімдердің қызметкерлері де қалмай, қатысты. Олар оқушыларға Тәуелсіздік тұғырлы және мәңгіге жалғасуы бүгінгі мектеп партасында отырған оқушыларымыздың міндеті. Соның ішінде, ұлдардың Отан алдындағы борышын өтеп, әскери бөлімдерде әскери техникалардың түрлерін меңгеруі тиіс екенін атап өтті. Атап айтсақ, Желтоқсан ардагері - Ырыс Эсенгулова, Нұрлан Қайырбекұлы Сүйінов, Алатау ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі «Тәрбие және идеологиялық жұмыстар» тобының бастығы, лейтенант Узехан Еркежан Қайратқызы, майор Уалиев Есболат Қалыбекұлы, Алматы қаласы, 196 ЖББМ, АӨТД пән ұстаз-ұйымдастырушысы, майор Унербеков Дидар Кенжебекович, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Сүйін Нұрлан, Алатау ауданы ақсақалдар алқасының төрағасы Ахан Қанат, алқа мүшесі, ардагер Аширбеков Сағымбек, 5572 әскери бөлімінің полковнигі Жұмаділ Иса Бейсенбайұлы,

бөлім қызметкерлері - майор Баянбаев Жандос Камардинович пен капитан Жанайдаров Диас Аманбаевич шараға қатысып, Қарулы күштерінің тарихы мен бүгінгі жетістіктері туралы әңгімеледі. Олардың айтқан өнегелі сөздерін оқушылар қалт жібермей тыңдап, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жауап алды.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Кенбаев Нәби «Жас сарбаз» қатарына 10-сыныптың 25 оқушысының Отанға адал болуға ант берген сәтін қабылдап, мектеп директорына баяндады. Қ.Қ.Алмасбаева жас сарбаздарды құттықтаған соң, олар «Қазақстан Республикасына қызмет етеміз!» деп жауап берді.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық және Ұлттық ұлан батырлары атындағы «Ерлік сыныбы» ашылып, оқушылардың ептілігі, қырағылығы мен әскери тәртіпті меңгерген өнері тамашаланды. «Жас сарбаз» гимнін орындап, Қазақстан Қарулы күштері туралы мәліметтермен таныстырды. Қазақстан Республикасы Ұлтық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы Кеңес Одағының Батыры гвардия полковнигі, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің әскери оркестрі өз өнерін ұсынды.

Мектеп ұстаздары мен әскери қызметкерлер бірлесіп, әскери-патриоттық ойындарға баулыған шәкірттеріміз күні ертең ел үмітін ақтар азамат болады деп сенеміз.

ЖИРЕНБАЙ Құралай,
Алматы қаласы, И. Қ. Мандоки атындағы
№154 жалпы білім беретін мектептің
«Көркем еңбек» пәні мұғалімі.



ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДЕН БИІК ЕШ НӘРСЕ ЖОҚ»

«Осы мерейлі мерекеде бәріміз бабалар аманатына әрдайым адал болудың және ұлт болашағына зор жауапкершілікпен қараудың мән-маңызын терең түсінеміз. Себебі тәу етер Тәуелсіздігіміз – баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық. Тәуелсіздігімізден биік еш нәрсе жоқ. Оны көздің қарашығындай қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы. Халқымыз бұған еселі еңбек пен ырысты ынтымақтың арқасында қол жеткізді. Біз осы берекелі бірлігімізді, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтай отырып, қиындықтың бәрінен сүрінбей өтеміз. Тәуелсіз еліміз өркениетті, озық мемлекет ретінде дами береді».

(Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтауынан:

16 желтоқсан, 2024 жыл)

<https://kaz.zakon.kz/>



«ЛӘЗЗАТ АСАНОВА – ЖЕЛТОҚСАН ҚАҺАРМАНЫ»

Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында арнайы «Желтоқсан оқиғасының» тарихи, танымдық маңызын таныту мақсатында қала мектептерде байқау ұйымдастыруда.

Байқау Бостандық ауданының «Жастар қоғамдық орталығында» өтті. Байқауға қала мектептерінің 8-11 сынып оқушылары қатысуда. Абай ұлттық мектебі «Ләззат Асанова – Желтоқсан қаһарманы» атты байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алуына 34 жыл. Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады.

Бүгінгідей аспаны ашық, саясында ұлттық рәміздері - көк Туы желбіреп, Елтаңбасы жарқырап, Әнұраны шырқала беретін Тәуелсіздік – еліміздің әр отбасы қастерлейтін мерекесі. Тәуелсіздік тамыры тереңге бойлап, тұғыры биіктеп, алып елдер қатарынан көрінген мемлекетіміздің келешегі үшін шет мемлекеттерді аралап, елдің әлеуетін арттырып цифрландыру бағытындағы Қазақстанды таныту үшін Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы шекаралас, алыс-жақын мемлекеттермен экономика мен мәдениет саласында көптеген келісім-шарттар жасасуда. Осының барлығы ел игілігі, ертеңі үшін. «Мен жастарға сенемін!» -

деп Тәуелсіз елдің болашақтағы тізгіні – жастар мен өскелең ұрпақ екеніне зор сенім, үлкен үміт артады.

Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында арнайы «Желтоқсан оқиғасының» тарихи, танымдық маңызын таныту мақсатында мектептерде байқаулар ұйымдастыруда. Байқауға қала мектептерінің 8-11 сынып оқушылары қатысуда. Абай ұлттық бойынша ұйымдастырылған «Ләззат Асанова – Желтоқсан қаһарманы» бейнеролик байқауында бақ сынады. Байқаудың ережесінде көрсетілген мақсаты, міндеттері, талаптарымен толық танысып шығып, толық орындады. Байқау – мектеп оқушыларының бойына патриотизм құндылықтарын сіңіріп, елін, жерін шын ниетімен сүйетін, халқы үшін адал қызмет ететін ұрпақ қалыптастырып, тәрбиелеудің негізгі жолы. Байқау ережесіне сәйкес бағалау критерийлері белгіленді.

Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы оқушылардың шығармашылығының одан әрі шыңдалып, ынталандыру мақсатында арнайы төмендегідей жүлде қоры белгіленді.

Байқау нәтижесі бойынша I орын – «Ұлт рухының тұмары» тобындағы Искендірова Амина, Ғұмырзақ Бекасыл, Нұрқасым Ақниет, Нұрланқызы Қаракат, Асқарбек Әмина; II орын – «Үміт» тобынан Уалихан Шыңғыс Шоқанұлы; III орын – «Алау» тобынан Ес Жандос Сатбекұлы ие болды. Ал, Ынталандырушы марапаты Көптілеу Гүлшат, Қанатқызы Айару, Дүйсен Сымбат, Смайыл Ақниетке тапсырылды.

Байқауға қатысқан барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар, жетекшілеріне «Алғыс хат» табысталады.

НҰРҒАЛИЕВА Гүлім Тұрсынбайқызы,

«Адам және қоғам» қоғамдық

бірлестігінің директоры

Сурет: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/karalyi-habar-kelgen-kun-lazzat-asanovanyin-anasyimen-suhbat





“АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ”

Міржақып Дулатұлының туғанына - 140 жыл

Тастұмсық ауылдық кітапханасы және Қабанбай ШЖНОМ ұйымдастыруымен көрнекті жазушы М. Дулатұлының 140 жылдығына орай «Алаштың ардақтысы» атты шығармашыл оқырмандар конференциясы болып өтті.

Конференцияға Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Түлкібас аудандық қоғамдық келісім» филиалы, Түлкібас аудандық Жастар орталығының мамандары, округ мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері қатысты.

Оқырмандарымыз Нұрғали Жансезім, Жүнісәлі Аңсар, Сеитхан Аяулым, Исаева Мөлдір, Ақжігіт Дана алғашқы қазақ романының авторы, библиография негізін салған алаштың ардақтысы хәм тағылымды ғұмыр иесі – Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы туралы кеңінен қамтылған өз баяндамаларын жұртшылық назарына ұсынды.

Жазушының «Бақытсыз Жамал», «Жігіттер», «Оян қазақ» шығармаларынан үзінділер оқыды. Олег Кошевой атындағы жалпы білім беру мекемесінің кітапханашысы Т. Османова «Оян қазақ – ұлттық ұран», Лермонтов атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің кітапханашы А. Абдирахманова «Елдік шыңындағы тұлға», Қабанбай атындағы ШЖНОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамбарова Эльмира Атаханқызы «Елдіктің ұраншысы - өр Міржақып», Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-нің Түлкібас аудандық филиалының маманы Дүйсебаев Жанғали Сарсенбайұлы «Ұлт мұраты жолында өмірін арнаған кемеңгер» атты тақырыптық ой-толғамдарын жасанды интелект құралдары арқылы жеткізді.

Қабанбай ШЖНОМ кітапханашысы Дулатов Даурен «Еркіндік қыраны - Міржақып» атты бейнебаяны негізінде ақын шығармаларына қысқаша шолу жасады.

Тастұмсық ауылдық кітапханасының кітапханашысы Топанбай Мейірхан «Алаштың шоқ жұлдызы» атты кітап көрмесін таныстырды. Іс-шара соңында, Аналар кеңесінің

төрайымы Светлана Таштемирова көпшілікті Міржақып Дулатұлы туралы жазылған кітаптарды оқып әрі ол туралы түсірілген отандық «Міржақып. Оян қазақ» телехикаясын көруге шақырды. Конференцияны Түлкібас аудандық Ақсақалдар кеңесінің төраға орынбасары Примбетов Тастанбек Есимбекұлы:



– Ұлттың айнасы. Алаш тұлғасының өмір жолы – күрес. Ұлттың ертеңі үшін күресті. Ал, сол ақынды ақтап алуға қызы Гүлнар Дулатова өмірін арнады. Қазақ барда Міржақыптың ұраны өшпейді, - деп атап пікірін білдіре қатысушыларға ризашылығын білдіріп арнайы алғыс хат табыстады.

ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Түлкібас аудандық орталықтандырылға
кітапханалар жүйесі

Тастұмсық ауылдық кітапханасының
кітапханашысы,

Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.

Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының
магистранты



«МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН:
СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ, ЖЕТІСТІКТЕРІ, ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ АУҚЫМЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

Международная научно-практическая конференция на тему
«ДЕКЛАРАЦИЯ О ГОСУДАРСТВЕННОМ СУВЕРЕНИТЕТЕ И СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСТАН:
ВЫЗОВЫ, ДОСТИЖЕНИЯ, ГОРИЗОНТЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ»



БІЛІМНЕН – ҒЫЛЫМҒА: ҚАЗҰУ-дегі ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ

Америкалық философ, әлеуметтанушы және футуролог Элвин Тоффлердің пікірінше, «XXI ғасырда сауатсыз адам – тек оқу мен жазуды білмейтін адам емес, сонымен бірге үйренуге, қайта үйренуге және өз білімін жетілдіре білмейтін адам». Бұл тұжырым қазіргі үздіксіз білім алудың маңыздылығын ерекше айқындайды. Осы қағида менің ғылыми жолым мен тәжірибемді одан әрі жетілдіруге түрткі болды. Базалық жоғары педагогикалық білімді мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде алдым. Магистратураны аяқтағаннан кейін дәл осы оқу ордасында докторантураға түсуді жоспарлап, құжат тапсырдым. Алайда сол кезеңде бөлінген грант санының аз болуына байланысты докторантураға қабылдану мүмкіндігі болмады. Сол кезде профессор Ботагүл Алтайқызының «ғалым болу үшін тек білім жеткіліксіз; нақты тәжірибе жинақтап, педагогиканың ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда сезіну қажет» деген пікірі менің кәсіби бағытымды қайта қарастыруыма ықпал етті. Осы ой-толғамдардан кейін мен мамандығым бойынша практикалық қызметке кірісіп, педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық салада біраз жылдар бойы еңбек еттім.

Арада он сегіз жыл өткен соң кәсіби тәжірибем мен зерттеу қызығушылықтарымның тоғысуы нәтижесінде әлеуметтік педагогика саласындағы ғылыми ізденістерге деген қызығушылығым артта түсті. Осылайша, мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсуді жөн көрдім. Ойшылдардың пайымынша, университет – жай ғана білім беретін орын емес, ол ғылыми зерттеудің ошағы саналады. Университеттің ғылыми қызметі қаншалықты дамыса, оның жоғары ғылыми мектеп ретіндегі рөлі де соншалықты күшейе түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Үкіметтің 2022 жылғы 25 шілдедегі қаулысымен ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесінің берілуі, профессорлық-оқытушылар құрамының әлеуеті, материалдық-техникалық базасының кеңеюі, ғылыми мектептердің қалыптасуы, 180 бағыт бойынша маман даярлау тәжірибесі және халықаралық рейтингтердегі орны – менің докторантура үшін осы оқу орнын таңдауыма

негізгі себептердің бірі болды. Қазіргі уақытта мен осы университеттің 2-курс докторантымын. Биылғы оқу жылының жоспарына сәйкес 2025 жылдың 06 қазан мен 08 қараша аралығында докторанттарға арналған зерттеу практикасы қарастырылған.

Практиканың басты мақсаты – докторанттардың зерттеу қызметіндегі кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту болып табылады.

Практиканың негізгі базасы әл-Фараби зерттеу орталығы болғанымен, жұмысымыз тек орталық аясында ғана емес, университеттің және қаладағы ірі ғылыми мекемелердің кең ортасында жалғасты.

Зерттеу практикасына жетекші ретінде Философия және саясаттану факультетінің, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Д.А. Нургалиева бекітілді. Ол бізге практиканың мақсаттарын, негізгі міндеттері мен базасын, сондай-ақ атқарылатын жұмыстар мен бізге қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі түсіндіріп, практиканың басталуына арналған конференция өткізді.

Бұл кездесу практиканың тиімді өтуіне және біздің ғылыми ізденістерімізді жүйелі түрде жүргізуге қажетті негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу тәжірибесі барысында мен университеттің ғылыми кітапханасы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында жұмыс істеп, түрлі отандық және шетелдік дереккөздерді кеңінен қарастырдым. Бұл қорлар зерттеуімнің теориялық және әдіснамалық негізін нығайтып, ғылыми бағытты тереңірек түсінуге жол ашты.

Практиканың маңызды бөліктерінің бірі — халықаралық ғылыми ортаға етене араласу болды. Осы уақыт ішінде бірнеше халықаралық ғылыми конференцияларға, сондай-ақ республикалық және халықаралық педагогикалық форумдарға қатысып, өз зерттеуімнің нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа ұсындым. Бұл білім алмасуға, пікірталас жүргізуге және кәсіби байланыстарымды нығайтуға үлкен мүмкіндік берді.

Осы тәжірибенің тағы бір құнды тұсы — ғылыми жазылым мәдениетін жетілдіру болды. Университет кітапханасындағы халықаралық жазылымдық дерек-қорларға жауапты маман, бас кітапханашы-менеджер Жұлдыз Әскербекқызы шетелдік мамандардың қатысуы-



мен Scopus базасына арналған ғылыми мақаланы дұрыс жазу туралы онлайн курстар ұйымдастырды. Дәлірек айтқанда, Wiley Customer Education ұйымдастырған «Ашық зерттеу және жасанды интеллект» атты вебинар, «Mendeley бағдарламасымен практикалық жұмыс» семинар-тренинг т.б. бірнеше оқу жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. Бұл курстарда халықаралық сарапшылар Scopus талаптарына сай мақаланың құрылымын, зерттеудің сапалық көрсеткіштерін, эксперименттік жұмысты ұйымдастырудағы маңызды кезеңдерді түсіндіріп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Топтағы білім алушылармен барлығымыз курсты табысты аяқтап, тиісті сертификаттар алдық. Сондай-ақ зерттеу жобасын жүргізуге байланысты әдістемелік нұсқаулықтардың электрондық нұсқаларын таратты. Бұл біз үшін практикалық тұрғыдан өте құнды білім көзі болды.

Практикамен қатар, кафедра білім алушылардың ғылыми-ізденіс дағдыларын дамыту мақсатында ғылыми семинарларды жүйелі түрде өткізеді. Дәлірек айтқанда, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Мағауова магистранттар мен докторанттар үшін



«Жас зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті және этикасы» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өткізді. Онда зерттеу жұмыстарын дұрыс жоспарлау, ғылыми деректерді жинау және талдау, ғылыми мақалаларды жазу және жариялау тәртібі, сондай-ақ академиялық адалдық пен этикалық нормаларды сақтау мәселелері қарастырылды. Қатысушылар тәжірибелік мысалдар арқылы зерттеу әдістерін қолдануды меңгеріп, ғылыми жұмыс жүргізудегі этикалық қағидаларды практикада қолдануды үйренді. Сонымен бірге зерттеу практикасы аясында педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Н.С.Алғожаеваның жетекшілігімен «Digital Qazaqstan: жасанды интеллект дәуіріндегі шындық және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға, Қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі Серік Жайлауұлы Піралиевті еске алуға арналған «Білім беру стратегиялары: болашақ кадрларды даярлау» атты III халықаралық педагогикалық форумына қатыстым. Практика кезеңінде зерттеу тақырыбыма қатысты 8 ғылыми мақала әзірленіп, жариялауға жолданды.

Бүгінде кейбір талапкерлер мен білім алушылар және жас мамандар маған екі университеттің ерекшеліктеріне қатысты өз пікірімді білдіруді сұрайды. Бұл ретте мен екі университеттің де өз өмірімдегі орны бөлек екенін атап өтемін. Халық арасында айтылатын «адамға туған жері де, тұрған жері де ыстық» деген ойды мысал ете отырып, педагогикалық білімнің алғашқы баспалдағын берген қарашаңырақ ҚазҰПУ-нің де, қазіргі ғылыми даму жолыма бағыт-бағдар беріп отырған ҚазҰУ-нің де маған ерекше қымбат екенін жеткіземін. Еліміздегі осындай беделді оқу орындарында білім алуға мүмкіндік берген тағдырға ризашылығымды білдіремін.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Философия және саясаттану факультеті,
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының
Әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша
2 курс докторанты Б.А. ЕСЕНБАЕВА,
автордың суреттері жеке архивінен алынды.**



Бейсеннің бірегей болмысы

Желтоқсан айының 9 - жұлдызы бірегей болмысымен халық жадында мәңгіге сақталған Бейсен Құранбектің туған күні.

Бейсен аға журналисттік жолында мейірім нұрын төгіп, нық сөзімен, нағыз кемел адамға сай ісімен талайға үлгі бола білді.

Мен бастауыш сынып оқып жүргенде теледидардан «Айтуға оңай» бағдарламасынан Бейсен ағаның жарқын жүзін көріп, халыққа жасаған игі істерін көріп», мен де дәл осы кісі сияқты боламын» деп бала жүрегіммен өз-өзіме уәде бердім. Бейсен Құранбектің өмірден өтуі дүйім жұртты қара жамылдырды. Иә, халыққа қызмет етіп, әрекеттен берекет іздеген Бейсен аға қысқа ғұмырында тұлғалық даралығын дәлелдеп кетті. Оның өмірі тоқтаған шығар, бірақ журналисттің игі істері, көпке өнеге боларлық ғибратты жолы ешқашан өлмейді.

Бейсен Құранбек – қазақ журналистикасының жүрегі іспетті. Ол үшін журналистика – мансап немесе атақ емес, адамға қызмет ету, жүрекке жылу сыйлау, ауыр тағдырға араша болу еді. Сол адалдығы мен кісілігі үшін бүгінгі жас журналистердің барлығы оны үлгі тұтады.

Оның бар арманы - адам болып қалу, жақсылыққа себепкер болу еді. Халықтың жүрегіне жол салған да, осы қарапайымдылығы, шынайылығы, жылы жүзі, әділ сөзі.

Бейсен ағамыздың қойын дәптерінде жазылған мына өсиеттері кез келген жас журналист үшін ғана емес барша адамға өнеге болуға лайық:

Ар сақта! Намысты бол! Талаптан! Қарекет қыл!

Тәуекел ет! Уәдеге берік бол! Мәрт бол!

Ақылға сал! Қайратты бол! Жүрегіңді жылыт!

Білімінді көбейт! Өнерді үйрен! Мінезді бол!

Еңбек сүйгіш бол!

Ата тегінді біл! Ана тілінді сүй!

Адал мен арамды ажырат!

Обалды ойла!

Сауапты іс жаса! Салт-дәстүрді ұста!

Өнер-мәдениетті игер!

Тарихтан тәлім ал!

Өзіне де, өзгелерге де, айналаңа да жақсылық жаса!

Бұл сөздер – жай тіркес емес, Бейсен ағаның бүкіл болмысын, ұстанымын, өмірлік мектебін танытатын асыл ойлар. Әр сөзінің ар жағында үлкен жауапкершілік, елге деген махаббат, адамға деген құрмет жатыр.

Сондықтан да Бейсен Құранбек – адамшылықтың, тазалықтың, шынайы журналистиканың символы десек те болады.

Оның игі істері, мейірімді жүрегі, ұстанған жолы – болашақ журналистерге мәңгілік үлгі.

САҒАДАТОВА Айым,

Ақтөбе облысы, Алға қаласы,

«Алға мектеп-гимназиясы» 11-сынып оқушысы.

Сурет: <https://kaz.nur.kz/>

CLIL әдісі негізінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің 4'С құзыреттерін дамыту

Мақсатым: Ағылшын тілін оқытып келе жатқан шәкірттеріме қазақша ойлап, ойын ағылшын тілінде сауатты сөйлеп, жеткізе білуге үйрету. Тіл ережелері мен емелерін сақтап, сауатты сөйлеу үшін әр оқушы сауатты жаза білуі керек. Оқушыларға ағылшын тілінде қосымша сабақтар беріп, көркем әдебиетті көп оқуды ұсынамын.

Кіріспе: CLIL әдісі негізінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің 4'С құзыреттерін дамыту дегеніміз – әр мұғалім өз пәні бойынша кәсіби біліктілігін дамыта отырып, шәкірттерге беретін білім сапасын арттыру. Ағылшын пәнін оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, педагогикалық идеяларды жүзеге асыру. Ағылшын тілін басқа пәндермен кіріктіріп өткізу. Айталық, ағылшын тілі пәнін қазақ тілі мен әдебиеті, география пәндерімен кіріктіріп өткізу арқылы оқушылардың ана тілі мен ағылшын тілі сөздік қорын көбейту. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын пәндерді кіріктіріп, оқушылармен көп сөйлесемін, яғни диалог әдісін көп қолданамын. Меніңше, қазақ тілін жетік меңгерген оқушы шет тілін де тез игереді. Осы тұста ағылшын тілін оқытуда мұғалімнің шеберлігі қажет. Кәсіби шеберлігімді шыңдау мақсатында бакалавр білімімді Абай атындағы қазақ Ұлттық университетінде магистратурада жалғастырудамын.

CLIL әдісі дегеніміз не? деген сұрақты Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2008 жылы шығарған «Мектептердің оқу үрдісінде CLIL- технологияны қолдану бойынша әдістемелік» ұсынымдар атты еңбекке, басқа да әдістемелік құралдарды басшылыққа ала отырып, сабақ өткіземін. CLIL терминін алғаш рет 1994 жылы Дэвид Маршам ойлап тапқан еді. «CLIL» ағылшын тілінде Content and Language Integrated Learning немесе пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесі, пәндерді екінші не үшінші (қазақ, орыс, не ағылшын) тілде оқыту деп қарастыруға болады. Кейінгі зерттеулерде мынандай анықтама береді: «CLIL-оқушылардың шетел тілінде лингвистикалық және коммуникативтік дағдылардың қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық әдіс».

Бүгінде мектеп оқушыларының даму қабілеті жан-жақты. Ақпарат алуда мәселе жоқ. Десекте, оқушыларға ең алдымен қазақ тілі - Ана тілінде барынша сауатты, көркем, таза сөйлеуге үйрету – әр ұстаздың басты міндеті. Мәселен, қазақ тілі мен ағылшын тілін кіріктіріп өткізу арқылы оқушының екі тілде де сөйлеу қабілеті дамиды. Қазақ тілінде қысқа шығармаларды, шығармадан үзінділерді еркін аударып, мазмұнын айта алады. Сабақта және үй тапсырмасын орындауда әр оқушының Қазақстан мен Англия мемлекеті туралы мағлұматты көп білгені абзал. Екі ел тарихын, мәдени ескерткіштері мен табиғатын туралы айта келе мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынас пен ынтымақтастық жайлы әңгімелеймін.

[2] 4'С құзыреттерін дамыту- педагогінің кәсіби

құзыреттілігін дамыту дегеніміз осы модульді зерделеу барысында тыңдаушылар CLIL оқытудағы жеке күшті және әлсіз жақтарына талдау жүргізеді; CLIL-де мәдениетаралық қарым - қатынас дағдыларын дамытады; CLIL-де өзін-өзі дамыту мен кәсіби рефлексияның практикалық дағдыларын жаттықтырады, сондай-ақ CLIL-оқыту шеңберінде топпен жұмыс істеу және бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын шыңдау мүмкіндігіне ие болады. Тыңдаушылар дөңгелек

үстелде білім беру процесінде CLIL технологиясын интеграциялаудың өзекті мәселелері мен мәселелерін талқылауға және осы технологияны енгізу тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік алады. (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы). [2]

Аталған қағидаларға сүйене отырып, біліктілігімді арттыруға үнемі уақыт бөліп, үздік тәжірибелерді үйренуге ұмтылудамын. Университеттегі ғылыми жетекшім Қыдырбаева Гульназ Булатовнамен ақылдасып, кеңесін алып бір қатар тәжірибе жұмыстарын бірлесіп жасадық. Мектепте бала оқытқан ұстаз білім берудегі озық технологияларды пайдаланып, мүмкіндігінше әр күні өткен тақырыпты оқушының тиянақты меңгергенін қалайды.

Оқушыларым ана тілін меңгеруге қызығушылығы қалай артса, ағылшын тілін үйренуге деген ынтасы дәл солай артып келеді. Қазақ тілінде сауатты сөйлеу үшін де, ағылшын тілінде сауатты сөйлеу үшін орта қажет. Оқушылармен орта қалыптастырып, олармен ағылшын тілінде еркін сөйлесе аламыз. Тіл байлығын арттыратын көркем әдебиет, күнделікті сауда орындарында сауда жасау, ақпарат алмасу тақырыптарында орта қалыптастырып сұхбаттасу, подкаст ұйымдастыру әдістері арқылы оқушының қабілетін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеп келемін.



МЕЛИСОВА М.А.,
Абай атындағы ҚазҰПУ
7M01703-Шетел тілі:
екі шетел тілі:
ағылшын-түрік тілі
мамандығы 1 курс
магистранты.

ҚЫДЫРБАЕВА Г.Б.
Абай атындағы ҚазҰПУ
PhD, аға оқытушы
Пайдаланған дереккөзі:
Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы

2008 жылы шығарған «Мектептердің оқу үрдісінде CLIL- технологияны қолдану бойынша әдістемелік» ұсынымдар



Тәуелсіздік - бақытымның бастауы

Қастерлі ел Тәуелсіздігінің 34 жыл толуына орай Тастұмсық ауылдық кітапханасы мен Олег Кошевой атындағы жалпы білім беретін білім мекемесі бірлесіп, «Тәуелсіздік - бақытымның бастауы» патриоттық сағат ұйымдастырды.

Іс-шараға "ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері", М. Лермонтов атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің оқу ісі меңгерушісі Ажаргүл Ережепова, Түлкібас аудандық аналар кеңесінің мүшесі Умрай Ирсалиева қатысты. А. Ережепова - кешегі ызғарлы желтоқсан жаңғырығын көзбен көрген ауылымыздың мақтанышы. Аяулы ұстаздың өмір жолы көпке үлгі. Олег Кошевой атындағы білім мекемесінің директоры Б.Исламқұлов іс-шарада сөз алып: – Азаттықтың құнын сәт сайын білуді қажет етеді. Бізге арайлы еркіндіктің ақ таңы оңай келмеді. Үш жүз жыл бодандықтан кейін еркіндікке қол жетті. Елдің талай асылдары бостандық үшін құрбан болды. Ортамыздағы Ажаргүл Шүкірқызындай ұлттың ертеңіне бей-жай қарамаған қазақтың айбынды ұлдары мен қыздарының ерлігі арқасында жеткен бұл бостандық таңы бәрінен қымбат,- деп көпшілікті елдің азат күнін жақындатқан жандарды ұмытпауға шақырды. Қиын кезде ұлт намысы жолында алаңға ойланбай шыққан Ажаргүл Ережепова апайымыз оқырмандармен емен-жарқын сұқбат құрды.

Қаһарман жан: – Бұл тәуелсіздік - бәрінен бағалы, бәрінен жоғары бәрінен асқақ. Бұл - бағымыз. Оңай келмеді. Талайлардың жаны осы жолда қиылды. Қыршын кетті. Тәуелсіздікке тәу ету дегеніміз - отаншыл ұрпақтың туған тілі мен ділін білуі, ұмытпауы, тарихын ұлықтауы. Расында, бұл келешек ұрпақ борышы. Өз бақыттарыңыздың құнын біліп, Отан алдындағы борыштарыңызды ұмытпаңыздар!- деп мектеп оқушыларын туған жерін сүю, табиғатын аялау әрбір қазақстан азаматының алдындағы міндет екенін атап өтті. Ол оқырмандарға өзінің балалық шағы, бала арманы, ұлттық намыс пен ар, ұлағатты ұстаздық жолы жайында тағылымды ойларын ортаға салды. Оқырмандар «Желтоқсан желі», «Мен қазақ қыздарына қайран қалам»,



«Тәуелсіз елім - Қазақстаным» атты әндерді хормен шырқап, елдікке толы Тәуелсіздік толғауларын жатқа оқып берді.

М. Лермонтов атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің кітапханашысы Маргүл Бекетбаева «Жадымызда сақталған Желтоқсан», Олег Кошевой атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің кітапханашысы Тамаша Османова «Тәуелсіздіктің ақ таңы: Жетістіктер мен мақсаттар» атты ой-толғамдарын оқып, оқырмандарға ой-толғам жұмысы негізінде сауалдар таратты. Тастұмсық ауылдық кітапханасының кітапханашысы Топанбай Мейірхан «Елдік пен өрліктің арқасында қол жеткен қастерлі Тәуелсіздік» атты баяндама жасап, желтоқсанда ерлік көрсеткен жастардың есімін атап, рухы алдында бас иіді. Іс-шара "Тәуелсіздік - бақытымсың еңселі" атты кітап көрмесін тамашалаумен қортындыланды. Қадірлі қонағымыз руханият шырақшыларына жылы ықыласын білдіріп, білім мекемесінің ұжымы мен жалынды жас ұрпаққа өз алғысын білдірді.

ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Түлкібас аудандық орталықтандырылға
кітапханалар жүйесі
Тастұмсық ауылдық кітапханасының кітапханашысы,
Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.
Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің «қазақ тілі мен әдебиеті» білім
бағдарламасының магистранты

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ САПАЛЫ БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ

ҚазҰУ-дың ең беделді факультеттерінің бірі – Философия және саясаттану факультеті. Философия және саясаттану факультетінің тарихы 1947 жылы психология және логика кафедрасының ашылуы мен 1949 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің философия және экономика факультетінің құрылуынан бастау алады. Философия және экономика факультетінің ең алғашқы деканы доцент Н.П. Дардыкин болған. Факультетте философия ғылымдарының докторы, ҚР ҒҰА академигі Ж.М.Әбділдин., философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжанов, экономика ғылымдарының докторы, ҚР ҒҰА академиктері Я.А.Әубәкіров, К.А.Сағадиев, философия ғылымдарының докторы, профессор М.С. Әженов., профессор С.Т. Темірбеков, Г.А. Югай, З.А. Мұқашев, М.С. Бурабаев, Г.Б. Хан, А.И. Икенов, В.Г. Яковлев, А.А. Аимбетов, В.Г. Бряннов, А.Д. Әжибаева, И.С. Хорошилова және т.б. белгілі тұлғалар білім алған.

Мен – осы факультеттің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасында, әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша магистратурада білім алып жатырмын. Аталған кафедра университетте педагогика кафедрасы болып 1940 жылы 12 қаңтарда құрылған. Кафедраның қалыптасуы университеттің, Қазақстанның педагогика-психологиялық ойларының дамуымен, педагогикалық мәдениет пен жалпы білім берумен қатар бірге келе жатыр. Кафедраға әр жылдары Кокымбаев Шакир Кокымбаевич, Тәжібаев Төлеген Тәжібайұлы, Сембаев Абдыхамит Ибнесевич, Бержанов Қартбай Бекенович, Аргынов Хасен Қуандыкович, Сәрсенбаева Гульнара Молдрахманова сияқты педагогика ғылымының ғұлама ғалымдары мен ұлы тұлғалары басшылық жасаған. Қазіргі таңда кафедра меңгерушісі болып пед.ғ.к., профессор Әлқожаева Нұрсұлу Сеиткерімқызы қызмет атқарады. Сонымен қатар кафедрада педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Р. Баширова, А.Т. Табылдиев, Н.А. Асанов және т.б. жұмыс істеген. Кафедра жұмыс жасап келе жатқан уақыттан бері білім беру мен қоғамның басқа салаларында жоғары кәсіби деңгейдегі мамандар даярлайды. Кафедра еңбек нарығында сұранысқа ие «Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар мен жоғары білікті мамандар даярлауда білім беру мен ғылыми және қоғамдық орталығы болып табылады. Кафедра бұл бағытта әлемдік тәжірибеге негізделген оқу бағдарламаларын ұсынады.

Кафедраның негізгі күші – кәсіби біліктілігі жоғары, тәжірибесі мол профессор-оқытушылар құрамында. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы – отандық және халықаралық деңгейде танылған ғалымдар. Олар студенттерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, нақты әлеуметтік ортада жұмыс істей алатын, шешім қабылдауға қабілетті, жан-жақты тұлға қалыптастыруға бағытталған практикалық дағдыларды меңгертеді.

Кафедраның сапалы білім беру жүйесі – өз ісінің майталманы болған ғылыми-педагогикалық кадрлар мен заманауи мазмұндағы оқу пәндерінің үйлесімді синтезі. Әр пән болашақ



әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және маманның ғылыми, практикалық, аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Халықаралық көзқарас пен басқару құзыреттері бағытындағы «Шет ел» пәні (Джамалдинова М.Т.) магистранттарға шетелдік әлеуметтік-педагогикалық тәжірибемен танысып, халықаралық модельдерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл пән әлем елдеріндегі әлеуметтік саясаттың ерекшеліктерін саралап, болашақ мамандардың көзқарасын кеңейтеді. Ал, «Басқару психологиясы» (Нармуханбетов А.Л.) көшбасшылық, ұжымдық коммуникация және адам мінез-құлқын басқару дағдыларын дамытуға бағытталған. Осылайша, студенттер неғұрлым күрделі кәсіби жағдайларда тиімді шешім қабылдай алатын басқарушылық құзыреттерді қалыптастырады. Әлеуметтік мәселелерді талдау және кәсіби көмек көрсету бағыттағы пәндер магистранттарды адамға бағытталған кәсіби қолдаудың нақты әдістерімен таныстырады. Мәселен, «Дағдарыс орталығындағы әлеуметтік педагогикалық жұмыс» (Баярыстанова Э.Т.) қиын жағдайдағы адамдарға көмек көрсету стратегияларын үйретсе, «Қамқорлық, қараушылық, патронаж» (Нургалиева Д.А.) әлеуметтік қолдаудың түрлі формаларын тәжірибеге жақын тәсілдермен меңгертеді. Сонымен қатар «Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтік педагогикалық қолдау» (Баярыстанова Э.) жеке тұлғамен жұмыс істеудің педагогикалық технологияларын ашады. Осы пәндердің мазмұны мен оларды жүргізетін тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы кафедраның шынайы ғылыми-педагогикалық әлеуетін көрсетеді.

Сондай-ақ, кафедра Түркияның жетекші университеттерімен, шетелдік жетекші университеттерімен бірлесіп оқу бағдарламалары аясында тәжірибелік жұмысты бірге жүзеге асырады. Білім беру тәжірибелері шығармашылық ойлауды қалыптастыруға, жаңа сапалы деңгейде ақпарат алуға, жүйелік байланыстарды түсінуге бағытталған.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
Әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша**

2 курс магистранты

СЕМБЕКОВА Айжан Алмаханқызы,

Сурет: <https://rgmedia.kz/>

**РЕДАКЦИЯДАН: автор Сембекова Айжан
Алмаханқызының мақаласы журналдың 1-беттік
форматына лайықталып, қысқартылды.**



Шәкірт жетістігі – мектеп абыройы

— Құрметті мектебіміздің ұстаздары мен шәкірттері! Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауларында, жастар мен оқушылардың кездесулерінде, ұстаздардың жиындарында «Мен жастарға сенемін!» деп тәуелсіз еліміздің жастарына зор үміт артып, олардың бүгіні мен ертеңіне жарқын болашақ тілейді. Солардың қатарында біздің мектептің оқушылары да бар деп білемін. Бүгін таңда оқушы – ертеңгі елін, туған жерін түлетер маман сендер боласыздар. Туған ауылымыздың перзенті, қазақ журналистикасының дамуына бар ғұмырын арнаған Ұзақ Бағаевтың жолын жалғастырған шәкіртіміз Айзатқа сәттілік тілеп, келесі жылы мектеп бітірген соң арманына қол жеткізуіне тілектеспіз, - деді Мамаев Мақсат Тазабекұлы.

Ұ. Бағаев атындағы мектептің ұстаздары 11 – сынып оқушысы Айзатты «Ұзақ ағамыздың ізбасары» деп атайды. А.Бәкберген Ұзақ Бағаев атындағы мектепте білім алуда. Тұлға есімі көпке танымал журналист. Ұ.Бағаев 1969 жылдан бастап өмірінің соңына дейін еліміздің бас газеті «Социалистік Қазақстан» - Egemen Qazaqstan газетін басқарған. Бірнеше кітаптың авторының өмір жолы А. Бәкбергенге өнеге болып, журналист мамандығын таңдап, Республикалық басылымдарға жазған дүниелерін жолдап, баспасөз беттерінде мақалалары жарық көруде.



Кеше өткен мектепішілік жиында Ұ.Бағаев атындағы мектептің директоры Мақсат Тазабекұлы Айзаттың Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым-сайтының редакциясы жолдаған арнайы Жас тілші куәлігін табыстады. Шәкірттерін шығармашылыққа баулып келе жатқан ұстаз, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бекбатырова Бекзат Оразханқызын басылымның Алғыс хатымен марапаттады.

**(«Farabi shakirti» журналының Өз тілшісі),
Алматы облысы, Кеген ауданы,
Алғабас ауылы**

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

**Туған атам Мұстафаев Әріпбек
Мұстафаұлы мен әжем Мұстафаева
Забира Калилақызы – екеуі де 40
жылдан астам уақыт бойы білім
саласына бар өмірін арнаған ардақты
жандар. Олар – өз заманындағы
мектептің бетке ұстар, үлгі тұтар
ұстаздары болды.**

«Ұстаз» – бұл жай ғана мамандық емес, бұл – ұлы миссия. Ұстаз – жүректен жүрекке жол таба білетін, шырақ алып, жол көрсететін шамшырақ. «Атпаз көрген - ат таныр, ұстаз көрген - хат таныр», - дейді дана қазақ. Осы бір сөздің өзінде-ақ ұстаздықтың мәні мен маңызы терең көрініс табады.

Мен үшін ұстаз – киелі есім. Себебі менің өмірім ұстаздармен тығыз байланысты. Туған атам мен әжем - өз заманындағы мектептің бетке ұстар, үлгі тұтар ұстаздары болды. Қарапайым ауыл мектебінде ағылшын тілінен сабақ беріп, сансыз шәкірт тәрбиелеп шығарды. Өз білімін шәкіртке беріп қана қоймай, адамдық қасиет пен тәртіптің үлгісін көрсете білді.

Атам мен әжемнің адамгершілігі мен еңбекқорлығы – мен үшін әрдайым мақтаныш. Олардан қалған өнеге – бүгінгі менің бағытым, болашаққа бағдарым. «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, мен де сол биікке ұмтылып келемін. Әулетімнің әр мүшесі – ұстаз. Отбасымыздың әр бұтағы – білім мен тәрбиеге қызмет етіп келе жатқан жандар. Бұл – біздің әулетіміздің мақтанышы әрі жауапкершілігі.

Ұстаз болу – жай ғана білім беру емес, ұрпақ тәрбиелеу, болашаққа бағыт беру. Олар – бала жүрегінің кілтін таба білетін психолог, шексіз сабыр иесі, өмірдің нағыз ақылшысы. «Ұстаздың аты биік, бәрінен» деген сөз текке айтылмаған.

Мен үшін ұстаз – қадірлі тұлға. Олар – жүректегі шуағын аямай, әр шәкіртінің тағдырына алаңдайтын ардақты жандар. Ұстаздарымды өмір бойы сыйлап, құрметтеп, аялап өтемін. Себебі, менің тұлға болып қалыптасуыма, биікке талпынуыма себепші болған – дәл осы ұстаздар.

Қай қоғам болмасын, ұстазға деген құрмет – ұлттың рухани деңгейінің көрсеткіші. Білімді ұрпақ – ұстаздан. Саналы ел – ұстаздың маңдай терінің жемісі.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген



Абай сөзі – бүгін де өз маңызын жоғалтқан емес. Ұстаз – мәңгілік шырақ. Ал мен сол шырақтың жарығымен алға басып келемін.

Ұлағатты ұстаздар алдында бас ием!

Тәлім-тәрбиесіне тағзым етем!

Өмір бойы ұстаздан үйреніп, солардың жолын жалғаймын!

**АРИПБЕК Балнұр Ғалымжанқызы,
«Қосан Мамытов мектебі»,
Түркістан облысы,**

**Төле би ауданы, Зертас ауылы
Шығармашылық жетекшісі:**

ТЛЕГЕНОВА Алтынай Шарипханқызы

***Суреттер автордың жеке архивінен жіберілді.**

ҚАЗҰУ – ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ КӨШБАСШЫ УНИВЕРСИТЕТ

Өзінің 90 жылға жуық тарихында ҚазҰУ Қазақстанның ғылыми-педагогикалық интеллигенциясын қалыптастырып, мыңдаған кәсіби маман дайындап, білім мен ғылым интеграциясының үздік моделін жасай алды. Оқытушылар мен студенттерді халықаралық ғылыми қызметке тарту – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мықты жақтарының бірі. Біздің ғалымдар Horizon Europe, ERASMUS+, DAAD, OSCE, Америкалық білім беру және зерттеу орталығы, БҰҰ, ЮНЕСКО, Францияның Сефасиль Қоры, Қытай Ғылым академиясының халықаралық гранттары мен зерттеулеріне белсенді қатысады, жетекші шетелдік университеттер мен ғылыми орталықтардың гранттары бойынша ғылыми жұмыстар жүргізеді.

Қазіргі таңда университет Орталық Азиядағы ең серпінді дамушы оқу орындарының бірі саналады және халықаралық QS рейтингінде әлемнің алғашқы 200–300 университетінің қатарында. Университеттің білім алушылары академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысады. Соңғы үш жылда бұл мүмкіндікті Ресейде, АҚШ-та, Еуропа елдерінде (Ұлыбритания, Австрия, Германия, Франция, Испания, Италия, Польша, Нидерланды, Венгрия, Эстония, Швейцария, Португалия), Азияда (ҚХР, Корея, Малайзия, Жапония, Түркия), Таяу Шығыста (Иордания, Пәкістан) және т.б. бакалавриатта оқитын 250-ден астам студент және 1500 магистрант пен 750 докторант пайдаланған.

ҚазҰУ құрылымындағы ең беделді факультеттердің бірі – «Философия және саясаттану» факультеті. Бұл факультет қоғамды тану ғылымдарының ядросы іспетті; мұнда қоғамдық ойды дамытатын, саяси талдау жасайтын, заманауи педагогикалық парадигмаларды қалыптастыратын ғылыми мектептер тоғысқан. Факультет 50-ден аса ірі халықаралық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. Философия және саясаттану факультеті 62 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды, Ресейдің жетекші университеттерімен бірге қосдипломды білім беру бағдарламасын, шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен бірге білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Үш тілде білім береді. Факультет құрамындағы 6 кафедрадағы белгілі ғалымдар, тамаша педагогтар таңдаған мамандықтарыңызды жан-жақты меңгеруге, университет қауымдастығына тиесілі екендігімізді сезінуге көмектеседі.

Мен білім алып жатқан «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы – елімізде педагогикалық ғылымды дамытатын іргелі орталықтардың бірі. Бұл кафедра Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту процесінің ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыруға атсалысып келеді.

Әлеуметтік педагогика мамандығы осы кафедраның маңызды бағыттарының бірі. Қазіргі қоғамда әлеуметтік педагог - тек мектеп немесе әлеуметтік мекеме маманы емес, ол қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін, бала құқықтарын қорғаумен айналысатын, әлеуметтік саясаттың жүзеге асуына ықпал ететін кәсіби тұлға.

Әлеуметтік педагогика саласында магистратурада оқу – бұл ғылыми ізденісті, аналитикалық ойлауды және практикалық жұмысты қатар алып жүретін маңызды кезең.

Бүгінде әлеуметтік педагогтың қызметі тек мектеппен шектелмейді. Бұл – әлеуметтік қызметтер, үкіметтік емес

ұйымдар, мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары мен зерттеу орталықтарын қамтитын кең ауқымды кәсіби кеңістік. ҚазҰУ осы салада халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламаларын ұсынады. Оқу барысында заманауи әлеуметтік-педагогикалық әдістер, жобалық менеджмент, білім берудегі саясат, бала құқықтарын қорғау жүйесі, ғылыми зерттеу әдіснамасы, әлеуметтік диагностика терең меңгеріледі. Дәлірек айтқанда, білім бағдарламасының мазмұнында білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған пәндер көп. Мәселен, студенттерді әлемдік педагогикалық тәжірибелермен, халықаралық әлеуметтік қызмет модельдерімен және шет елдік білім беру жүйелерінің ерекшелігімен таныстырады «Шет ел», әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарға көмек көрсетуге бағытталған «Дағдарыс орталығындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс», болашақ оқытушылар жоғары оқу орнындағы білім беру ерекшеліктері мен педагогикалық процестерді меңгеру мақсатында «Жоғары мектеп педагогикасы», оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқу нәтижелерін жоспарлау және білім стандарттарына сәйкестендіру дағдылары дамытатын «Бакалавриат білім беру бағдарламасын жобалау», білім саласындағы басқарушылық процестер, әлеуметтік менеджмент және жүйелік тәсілдер қарастырылатын «Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік басқару» сияқты қызықты пәндер оқытылады.

Әлеуметтік педагогика мамандығында магистратурада оқу — мен үшін тек кәсіби таңдау емес, бұл қоғамға қызмет етуге бағытталған миссия, ғылыми ізденіске ашылған жол, тұлғалық әрі интеллектуалдық дамуды қамтамасыз ететін маңызды кезең. Ал, ҚазҰУ – өз саласында көшбасшы болуға, ойы жүйрік, кәсіби мықты маман болуға мүмкіндік беретін үлкен мектеп.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша 2 курс магистранты

БАЛМАГАМБЕТ Жансая,

Суреттер: <https://dknews.kz/>

<https://yandex.kz/> ашық дереккөзінен алынды.

РЕДАКЦИЯДАН: автор Балмагамбет Жансаяның мақаласы журналдың 1-беттік форматына лайықталып, қысқартылды.





МОЛДАХМЕТ КЕНБАЕВ - СУРЕТ ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРІ

Белгілі суретші, халқының жадында Құрманғазының бейнесімен «Асауға тұсау» атты суреттерімен жатталған Молдахмет Кенбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай 27 қараша күні Шымкент қаласында М. Жұмабаев атындағы №39 мектепте Шымкент қаласының қалалық

Молдахмет Сыздықұының 100 жылдығына арналған «Бояулар сыры» жас суретшілер байқауы бір алаңда тоғысты.

Бұл күн шығармашылық пен технологияның бір арнада тоғысқан күн болды. Белгілі суретшінің өмір жолынан сыр шерткен көріністі 10 сынып оқушылары сахналады.

Профессор Қ.Ералин мен әдіскер Т.Б.Оразованың мазмұнды баяндамаларымен таныстырды. Оқушылардың әні мен биі семинарға ерекше көркем реңк берді.

ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі мәдениет саласының өкілі, білікті ұстаз Мейраш Тастемирова «М.Кенбаев стиліндегі композицияны AI арқылы жалғастыру» атты практикалық шеберлік сабағымен ашты. Мектеп мұғалімдері Лаззат Жүзеева «ЖИ-дің оқу үдерісіндегі жаңа мүмкіндіктерін», Айгерім Тойлақ «Музыка сабақтарында ЖИ қолдануы», Мәдина Қамбар «Ұлттық өрнекті заманауи форматта жаңғырту тәсілдері» тақырыбында таныстырды.

7–18 жас аралығындағы 125 жас суретшілер «Табиғат – ең керемет суретші» номинациясы бойынша шығармашылықтарын көрсетті. Акварель, гуашь, пастель, аралас техника - барлығы ұлттық бояулар мен кең дала сұлулығын паш етті.

Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен оқушылардың шығармашылық әлеуеті, ұлттық мұра мен заманауи технологияның үйлесімін арттыруға бағытталған мәдени іс-шарада әдістемелік орталық директоры Ш.Айтбаева мен білім мекемесінің директоры Б.Қаработа жаңа технологияның эстетикалық пәндерді оқытудың маңызына жете тоқтала білді.

ЕРЛЕР Алмас Қайратұлы,
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық
Университеті «Көркемсурет факультетінің»
2-курс студенті.
Суреттерді жіберген автор



білім бөлімінің әдістемелік орталығының бастамасымен, №39 М. Жұмабаев атындағы мектептің ұйымдастыруымен өткен «Эстетикалық пәндерді оқытуда жасанды интеллектті кіріктірудің маңыздылығы» қалалық семинары мен Кенбаев

Домбыра – қазақтың ұлы аспабы

Домбыра – қазақ халқының ежелден келе жатқан ерекше музыкалық аспабы. Оның екі ішекті, үш ішекті және алты ішекті түрлері бар. Сонымен қатар шанағының пішініне қарай: қалыпты домбыра, кең шанақты домбыра, қос мойынды домбыра, жез қоңыраулы домбыра сияқты түрлері кездеседі. Әр домбыраның үні өзіне тән әуезді болып келеді. Домбыра еліміздің әр облысына қарай аймақтық түрлерге бөлінеді. Айталық:

[1] Жетісу домбырасы - Алматы, Жетісу, Қырғызстанмен шекаралас аймақтардың өнерпаздары мен күйшілері қолданады екен.

Қарағанды, Ақмола, Павлодар мен Семей облыстарында Төртқұлақ (Арқа) домбырасымен өнер көрсетеді.

Батыс домбырасы (Құрманғазы үлгісі) домбыраны Батыс Қазақстан - Атырау, Орал, Ақтөбе, Маңғыстаулық өнерпаздардың жан серігі деуге болады.

Шығыс домбырасы (Семей үлгісі) Шығыс Қазақстан - Семей, Өскемен халқына жақсы таныс.

Сыр өңірі домбырасы - Қызылорда, Арал маңы өнерпаздары мен өнер сүйер қауымының сүйікті аспабы. [1]

Домбыраны меңгеру – үлкен өнер. Қазақтың әр қызы мен жігіті домбыра шертуді білген. Домбыра тарту екі негізгі стильге бөлінеді: шертпе күй және төкпе күй. Шертпе күйдің әуені баяу, сырлы болса, төкпе күй екпінді, шапшаң орындалады.

Домбыра – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Биыл қазақ музыкасының дара тұлғасы Нұрғиса Тілендиев атамның 100 жылдығы аталып өтті. Ол домбыраның үнін ерекше жеткізе білген. Ал күйдің атасы – Құрманғазы Сағырбайұлы, оның шәкірті – Дина Нұрпейісова. Олар қазақтың күй өнерін кеңінен насихаттап, биік деңгейге көтерген.



Мен де домбыра шертетін болғандықтан, осы аспаптың әуені маған өте жақын. Домбыраның үні көңілімді көтеріп, қазақтың бай мәдениетін сезінуге мүмкіндік береді.

Домбыра – халқымыздың рухы, жүрегінің үнін жеткізетін қасиетті мұра. Оны қадірлеу – әр қазақтың парызы.

ЖАҢБЫРБОЛАТ Ерасыл,
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үштерек ауылы
«Үштерек ауылындағы №2 орта мектебі» КММ

7 «В» сынып оқушысы

Шығармашылық жетекшісі:

Пайдаланған дереккөзі:

[1] <https://kk.wikipedia.org/wiki/домбыра>

Домбыраның суреті: <https://aqmeshit-aptalygy.kz/ruhani-jangyru/dombyra-qalaj-pajda-boldy>

Қазақтың қасиетті мұрасы

**1925 жылы Парижде өткен
Дүниежүзілік сән өнері көрмесінде
қазақтың тұңғыш әншісі Әміре
Қашаубаевтың өнер көрсетіп,
этнографиялық концертте «Ағаш аяқ»,
«Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша»,
«Қос балапан», тағы басқа әндерді
орындап екінші орын алып, күміс
медаль иемденеді.[1]**

Домбыра туралы сөз бастағанда, көз алдымызға Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбеттің ат тұяғының дүбірі сар даланы жаңғыртқан сазы келеді құлағымызға. Біз – бүгінгі ұрпақ ата-бабамыздан мұра болып, ХХІ – ғасыр ұрпақтары бізге жеткен рухани байлықты көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз. Дана Абай атамыз: «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» деп айтқандай, бойында өнерге деген құлшынысы бар, дарынды жасөспірімдер

болса домбыраны серік етіп ән салып, күй тартсын.

Домбыра - қазақ халқы арасында кең тараған, қадірлі ұлттық музыкалық аспап. Ол тек қарапайым құрал емес, халқымыздың тарихы мен жүрегін сақтап тұрған қастерлі мұра. Домбыра көбіне екі ішекті, кейде үш ішекті болып жасалады. Шанағы, мойыны, пернелері, құлақтары мен шектері түгелдей ағаштан өрнектеліп құрастырылады. Жетекшіміз Айгерім Алдабергенқызымен домбыраның тарихы туралы жазылған дүниелерді оқыдық. Қазақ халқында домбыраның 20-дан астам түрі бары екенін білдік. [2] Атап айтқанда, ән мен күй домбырасы; торсық; тұмар; кең шанақты (екі нұсқасы); балдырған; балашық; шіңкілдек; аша; үш ішекті; қуыс мойын; шерттер. Сонымен қатар, домбыра аспабы халық аспаптар оркестрлерінде музыканы әрлендіреді. Сол себепті оркестрде қолданылатын домбыра түрлері ерекше болады екен. Оркестр домбыралары қоңыр дауысты (альт), жіңішке дауысты (прима); ащы дауысты (секунда); бас домбыра деп аталады. [2]

Домбыраның дауысында ерекше бірігіп тұрған нәзіктік пен күш бар. Бірде оның қоңыр әуені адамды тыныштандырады, ал енді бірде шапшаң күйлері

ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Қазақтың кара домбырасы қасиетті саналады. Сол себепті, киелі аспап әр қазақтың шаңырағында төрінен орын алған. Домбыраның тарихын зерттеген ғалымдар IV ғасырда Хорезм мен Жамбылда жүргізілген археологиялық зерттеулерде табылған тасқа қашалған қос аспаптың суретінен кейін домбыраны тас дәуірінде пайда болуы мүмкін деп болжайды. Ал, ғалым Кемел Ақышев болса, б.з.б 4000 жыл бұрын салынған домбыраның суретін тапқан.

[1]Қазақтың киіз үйі, кара домбырасы және айтыс өнері әлем елдерінің ең ежелгі мұралары ретінде "ЮНЕСКО" тізіміне енгені белгілі. Жұмагелді Нәжімеденов "Домбыраның қоңыр үні" кітабында "Майтөбе" жайлауынан (Алматы облысы, Жамбыл ауданы) көптеген суреттердің арасынан тастан қашалған көне домбыраның суретінің табылғанын жазады. Бұл тастағы суретті 1986 жылы белгілі этнограф Жағда Бабалықұлы тауыпты. Домбыра туралы мәліметтер іздегенде, еліміздің танымал ақындарының өлеңдерінен айналып өтпейміз. Шығармашылық жетекшіміз, ұстаз Жақсылық Айгерім Алдабергенқызымен бірге халқымыздың қасиетті аспабы – домбыра туралы Әбділда Тәжібаев, Тәкен Әлімқұлов, Ғафу Қайырбеков, Қалихан Бекхожин, Абдрахман Асылбеков, Жүмекен Нәжімеденов аталарымыз бен қазақтың ақын қызы Марфуға Айтқожина апамыздың өлеңдерін оқып шықтық.

Елімізде биыл сегізінші рет жыл сайын шілденің алғашқы жексенбісінде «Ұлттық домбыра» күні атап

өтіледі. «Домбыра – қазақтың паспорты мен бренді». Ұлттық домбыра күні 2018 жылдың 13 маусымында бекітілген.

Домбыра – қазақ халқының ең сүйікті ұлттық аспаптарының бірі. Оның екі шегі бар және қолмен шертіп ойнайды. Домбыраның үні қоңыр да әдемі, тыңдаған

сайын адамға ерекше әсер береді. Қазақ халқы ертеден күй тартып, ән айтып, өз сезімін, қуанышы мен мұңын домбыра арқылы жеткізген. Сондықтан домбыра – біздің ұлттық мәдениетіміздің символы.

Маған домбыраның құлағында ойнаған күйшілердің құлақ құрышын қандырап күйі мен дәстүрлі әншілердің мақамы өте ұнайды. Домбыраның үнін естіген сайын көңілім көтеріліп, жақсы күйге бөленемін.

ПАРДАБЕК Ақниет,
Алматы облысы,

Қарасай ауданы, Үштерек ауылы
«Үштерек ауылындағы №2 орта мектебі» КММ
7 «В» сынып оқушысы

Пайдаланған дереккөзі:

***<https://informburo.kz/kaz/azatan-bryn-dombyra-bolan-dombyrany-tarihn-blez-be-.html>**



тыңдаушыға жігер мен рух сыйлайды. Сондықтан домбыра үні кез келген қазақ үшін жақын әрі түсінікті. Бүгінде домбыраның үнін естіген шетелдіктер де оған қызығып, тіпті өздері тартып, үйренуде.

Домбыра өнерін бүгінгі күнге жеткізген ұлы күйшілердің орны бөлек. Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, басқа қазақ өнерінің біртуар тұлғалардың күйшілік өнер жолын жалғастырып, бүгінгі де жаңа тұрғыда дамытып келе жатқан өнер адамдары, әсіресе жастар ұлт мақтанышына айналдырды. Олардың шығармалары домбыраның құдіретін айқындап, оны әлемге танытты.

Домбыра – қазақ өнерінің жүрегі. Ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халқымыздың рухын, болмысын, мәдениетін сақтап келе жатқан асыл қазына.

МЕЙРАШ Ержігіт
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үштерек ауылы
«Үштерек ауылындағы №2 орта мектебі» КММ
7 «В» сынып оқушысы
Шығармашылық жетекшісі:
ЖАҚСЫЛЫҚ Айгерім Алдабергенқызы

Пайдаланған дереккөзі:

[1] https://kaz.inform.kz/news/kashaubaev-amire_a

ЛОНДОНДАҒЫ «БАЛАПАН»

Қазіргі таңда Ұлыбританияда тұрып жатқан отбасы жайлы естіп пе едіңіз?

Бұл отбасы 2015 жылдан бері Лондон ауасымен тыныстап, қазақ мәдениетін көпшілікке таратып, насихаттауда. Бұл отбасының шет елде тұруының бірден-бір себебі ғылым қуған әкесі Ғалымжан Қараманұлымен байланысты. Ғ.Қараманұлы журналистикамен бірге медиа-кеңес беру және әлеуметтік желілер арқылы ақпарат тарату жұмыстарымен айналысады.

«Біз, балалардың анасы, төрт құлыншағы бар. Олардың үшеуі жергілікті мемлекеттік мектептерде оқиды, онда білім тегін беріледі, ал үлкен ұлым колледжді аяқтап, қазір университетке түсуге дайындалып жатыр», - деді аға. Еліміздегі көптеген отбасы назарын кең аудартқан «Miss Kaussar» лақап атымен танымал болған ағылшын тілін жетік білетін қызымыздан сұқбат алып, жасөспірімдерге қазіргі жайын таныстыруды құп көрдік.

– Сәлеметсіз бе, Кәусар! Сізбен сөйлесуге уақыт бөлгеніңізге рахмет. Алдымен өзіңіз жайлы ақпарат беріп кетсеңіз.

– Қайырлы күн! Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінде 2012 жылы 2 шілдеде дүниеге келдім. Менің аты-жөнім, тегім Кәусар Ғалымжанқызы Қараман. Төрт ағайындымыз. Қос ағам және інім бар. Ата-анам қазақстандық «Хабар 24», «Қазақстан» Ұлттық телеарналарының Ұлыбританиядағы тілшілері. Олардың жұмыс барысымен уақытша Лондонда тұрып жатырмыз.

– Шет елге алғаш шыққаныңда қандай сезімдер болды?

– Әрине, ерекше сезім болды. Ол кезде небәрі 3 жаста едім. Қазір Лондонда өмір сүріп жатқанымызға 7 жылға жуықтап қалды. Осы жақта балабақшаға бардым, бастауыштың табалдырығын аттадым. Әу баста жаңа ортаға бейімделу, тіл үйрену жайы қиындау соққаны рас. Себебі шет елдің мәдениеті, дәстүрі, заңы мүлдем бөлек. Алайда уақыт өте келе, бәрін игеріп кеттім.

– Ағылшын тілінде судай ағып тұрсың, күрделі диалогтарды түсінесің?

– Ағылшын тілін бала кезден бастап үйрену оңай, өйткені бұл уақытта тез меңгеріп алу қабілетіміз басым. Есте сақтау, тың ақпаратты қабылдау қабілетіміз, ересектерге қарағанда жақсы болады. Ең әуелі жарты жылда жақсы, бір-екі жылдан соң тіпті еркін сөйлейтіндей жағдайға жеттім. Ең басында бұл тілді мүлдем түсінбей, суды қалай сұрау керек екенін білмедім. Ал қазір достарыммен емін-еркін сөйлесемін.

– «Болашақ» дегенде көз алдына не елестейді? Келешекте Кәусар кім болғысы келеді?

– Егер Қазақстанда тұратын болсам, ағылшын тілінің мұғалімі болуды армандаймын. Шет елде алған білімімді, көрген-білгенімді қазақстандық балаларға үйретсем деймін. Екіншісі, киім үлгілерін



жасайтын фэшн дизайнер болғым келеді. Бағдарламаны жүргізуде киетін киімдерді, пальтомды, шляпаны, яғни образымды өзім ойластырдым. Жалпы, болашағымды шығармашылықпен байланыстыру - басты мақсатым.

– «Мисс Кәусар» бағдарламасы қалай дүниеге келді?

– Бұл бағдарламаны жасаушы, негізгі өнім өндірушісі, продюсері — өзімнің әкем Ғалымжан Қараманұлы. Мен YouTube желісіндегі шет елдік, америкалық, британдық блогерлерге еліктеп влогтар түсіріп жүрдім. Әкем менің видеоға түсіріп жүргенімді сырттай бақылап, қабілетімді байқаса керек. Бір күні әкем бағдарлама туралы айтып, ұсынысын білдірді. Қуана келістім. Себебі тек өзім білім алып қана қоймай, елімдегі балаларға ағылшын тілін үйретуге сеп болып, бауырласым келді. Сөйтіп, әкем «Балапан» телеарнасының басшылығына ұсынысын айтып, жоспарымызбен таныстырдық. Олар қабылдады. Осы жылы «Мисс Кәусардың» екінші маусымын жалғастырамыз.

Осы тұста әңгімеге араласқан Ғалымжан аға:

– Бұрын мені «Хабар 24»-тің тілшісі ретінде таныса, қазір «мисс Кәусардың папасысыз ба?» дейтін болды. Бұл-мен үшін мақтаныш. Қазақстанның түкпір-түкпірінде Кәусардың көрермені бар,-деп әкесі өзі пікірін білдірді.

Осымен сұхбатымыз өз мәресіне жетіп, талай бүлдіршіндерге қызықты ақпарат бердік. Алдағы уақытта үлкен белестерге жете бер, Кәусаржан!

МАРАТОВА Сабина,
Абай Ұлттық мектебінің
11- сынып оқушысы.
Алматы



ЖАСТАРҒА БЕРІЛЕР ЕҢ ҚЫМБАТ МҰРА – ТӘЛІМ

Желтоқсанның бесінші жұлдызында Абай ұлттық мектебінің қара шаңырағында ерекше рухани шара өтті.

Қазақстандағы алғашқы апат туралы түсірілген «Қайтадан» фильмінің шығармашылық тобы – режиссер Думан Еркімбек, бас продюсер Жалын Тілеуберген, желілік режиссер Назерке Базарбаева және халық сүйіспеншілігіне ие актер Әшім Ахметов оқушылармен жүздесіп, өнер жолындағы құнды тәжірибелерімен бөлісті.

Бұл идеяның бастамашысы 11 «В» сынып оқушысы Ахметжан Балнұр болды. Кинематографияға деген қызығушылығы мен ізденістері арқылы Балнұр «Dala cinema» киностудиясымен байланысып, шығармашыл топты мектепке шақыруды ұйғарды. Мектеп әкімшілігі ұсынысты бірден қолдап, ұйымдастыру жұмыстарын шұғыл түрде қолға алып бастап кеттік. Ең қуаныштысы – Думан Еркімбек пен Жалын Тілеубергеннің Абай мектеп-интернатынан түлеп ұшқан түлектер болуы. Сол себепті олар шақыруды қарсылықсыз қуана қабылдады. Өз кезегінде, бұл кино жарық көрген алғашқы күндері-ақ дарынды интернат оқушыларына тегін көрсетіліп, өнерге



деген құштарлықтарын арттырған еді.

Кездесу басталған сәттен-ақ залда жылулық пен шығармашылық серпіліс сезілді. Оқушылар актерлердің кәсіби жолы, фильмінің түсірілу үдерісі және олардың тұлғалық қалыптасуы жайлы тың деректерге қанықты. Шығармашылық топ жас көрермендерге өнер әлеміндегі шынайылықты ашып, табандылық, ізденіс, өзіндік бағыт қалыптастыру жөнінде маңызды кеңестер айтты. Сұхбаттасып, сырласу барысында Әшім Ахметов дарыннан шыққан табанды, зерек оқушыларға таңданысын жеткізді.

Сөз саптаулары мен бойларында дарында жүріп пайда болған көшбасшылық қасиеттерін айтып, дарындықтар бір марқайып алды.

Сонымен қатар режиссер мен продюсер интернат өмірі бейнеленіп, 2022 жылы түсірілген «Біздің сынып» телесериалын түсіру барысынан қызықты мәліметтермен бөлісіп, интернаттағы көңілді сәттерді еске түсірді.

Қонақтар тарапынан мамандық таңдау, болашаққа



қатысты шешім қабылдауда кездесетін күмәндар мен қиындықтар туралы айтылған ойлар оқушыларға пайдалы бағдар болды.

Шара барысында тек сұхбат емес, кино өнеріне қатысты ойындар да ұйымдастырылып, залдағы көңіл-күйді көтере түсті. Оқушылар мен қонақтардың арасындағы еркін диалог шараны ерекше жандандырып, өзара түсіністік пен қызығушылықтың орнауына ықпал етті.

Кездесу аяқталған соң көрермендер «тәлімдік тұстары мол болды» деген ортақ пікірге келді. Оқушылар өздеріне қажетті ой түйіп, жаңа мақсаттарға ынталана бастады. Тіпті демалуға келген ұстаздардың өзі алғыс білдіріп, шараның мәні мен пайдасын ерекше атап өтті.

Осындай ықылас пен нәтижені көрген мектеп әкімшілігі, соның ішінде осы «Тәлім time» жобасының жетекшісі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айжан Оспан жобаның алдағы кезеңде де қарқынды түрде жалғасын табатынын хабарлады.

Кездесу соңында мектеп директоры Мұқашев Қайрат Манатбекұлы қонақтарды жылы шығарып салып, оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында жеке кино және шығармашылық үйірме ашу мүмкіндігін талқылады.

Бұл бас қосу – тәлім, тәрбие және тәжірибе тоғысқан мазмұнды іс-шара болды. Абай мектебінен болашақта да елге есімін әйгілі тұлғалар шығарына сенімім зор.

ШАЙДАРБЕКОВА Айғаным,
Абай ұлттық мектебінің 11«В» сынып оқушысы.
Алматы



ОН АЛТЫНШЫ ЖЕЛТОҚСАН

Он алтыншы желтоқсан –
Аяз ата, Ақшақар.

Соған қарап көп күрсінді ақсақал.
Осы күні талай боздақ қиылып еді қыршыннан,
Осы күннің ызғары сай-сүйекті қақсатар.

Он алтыншы желтоқсан –
Ойын-күлкі, той-думан.
Соған қарап қайран әжей қайғырған.
Осы күні талай ана, талай әке зар жылап,
Құлынынан айырылған.

Он алтыншы желтоқсан –
Біразына демалыс.
Бойларында жоқ екен-ау
Қайрат, жігер, не намыс.
Осы күні қынжылды ғой талай қайран қазағым,
Өліп кетті-ау көп арыс...

Он алтыншы желтоқсан –
Тек үнсіздік, бір минут.
Одан соң күліп-ыржидық.
Осы күні ұзақ уақыт қан төгілді, жас ақты,
Тұсауға түсті кіл жүйрік.

Он алтыншы желтоқсан –
Болары жылда заңдылық:
Алауды жағып, жандырып.
Осы күні жиырма төрт сағат болғанмен,
Есімде қалды мәңгілік.

АХМЕТ Болат

Шынайы достықтың бағасы

Адам өмірінде достықтың орны ерекше. Әркімнің жанында сырын бөлісетін, қуанышын бірге көтеретін, қиын сәтте қолдау көрсететін адамның болуы – үлкен бақыт. Бірақ достың бәрі бірдей болмайтынын өмірдің өзі дәлелдейді. Бірі уақытша араласады, бірі тек қуанышында ғана қасыңда болады, енді біреуі пайдасы үшін жақындайды. Ал ең сирек кездесетіні – шынайы, адал дос.

Кей адамдар достықты бала күннен басталған қарым-қатынаспен өлшейді. «Бала күнгі дос ең сенімді» немесе «орта жолдан қосылған достарға сенім жоқ» деген түсінік жиі айтылады. Алайда достықты танысқан уақытпен емес, адамның мінезімен, адалдығымен, қиындықтағы әрекетімен бағалаған дұрыс. Бала күнгі досың да қажет кезде жаныңда болмауы мүмкін, ал кеше ғана танысқан адам бүгінгі сынақта бірінші болып қолдау көрсетуі мүмкін. Сондықтан шынайы дос қашан танысқаныңда емес, қиын уақытта кімнің шынымен жаныңда қалғанымен анықталады. Өмірде адамның шынайы табиғаты қиын сәтте көрінеді. Барлығы жақсы болып тұрған кезде саған күліп жүретіндер көп. Бірақ іс қиынға тірелгенде, түсінбей сырт айналатындар да табылады. Сол кезде кімнің саған жанашыр екенін, кімнің шын қуанып, шын уайымдайтынын анық байқайсың. Шынайы дос сенің табысыңа қуана алады, қызғанбайды, бәсекелеспейді, біреудің сөзін тыңдап, саған қарсы шықпайды. Егер қателік жасасаң, сыртқа жария етпей, жаныңды жараламай, дұрыс жолды көрсетеді. Сырынды сақтайды, сеніміңді ақтайды, өз пайдасы үшін пайдаланып кетпейді. Достық дегеннің бар қасиеті – сенім мен адалдық. Адамды биікке де, төменге де апаратын – оның ортасы. Қандай ортада жүргенің, кіммен араласатының сенің болашағыңа тікелей әсер етеді. Нашар орта оңайлықпен байқалмайды: олар сені әңгімемен, әдетпен, уақытпен, оймен бірте-бірте өзгертуі мүмкін. Жаман орта адамды теріс әрекеттерге итермелеп, мақсаты мен арманына бөгет болады, өзіне деген сенімін азайтады. Көңіл-күйді түсіріп, өмірін шатастырып жіберуі мүмкін. Сондықтан өз ортаңды таңдау – өміріңді таңдау деген сөз. Жаныңда кімнің жүргеніне, олардың саған қалай әсер етіп жүргеніне көңіл бөлу – өзін құрметтеудің белгісі. Жақсы дос өмірді жеңілдетеді. Ол сенің құлауыңа емес, көтерілуіңе себеп болады. Сені жақсы болуға итермелейді, арманға жетуге шабыт береді. Жақсы достың жанында сен өзіңді еркін сезінесің, артық сөзден қорықпайсың, қателігіңді жасырмайсың. Оның энергиясы да, ойы да, кеңесі де сені алға жетелейді. Сондықтан шынайы досы бар адам ешқашан жалғыз емес. Дос таңдау – аса жауапты шешім. Себебі адам уақыт өте келе кіммен көп араласса, соған ұқсай бастайды. Сондықтан достықты жеңіл қабылдауға болмайды. Әр адамның сөзінен емес, ісінен, әдемі уәдесінен емес, нақты әрекетінен, уақытша көңілінен емес, тұрақты мінезінен байқау керек. Өмір бойы қасыңда қалып, сені түсініп, құрметтеп жүретін адам біреу-ақ болуы мүмкін. Бірақ дәл сондай дос – мың адамнан артық.

Қорытындылай айтқанда, шынайы дос – өмірдің ең қымбат сыйы. Оны кездестірсең, бағала. Ал нашар ортаның зиянын уақытыңда аңғарып, алыстау – өзіңе жасаған жақсылығың. Өмір бойы жаныңда жүретін адамдар көп емес, бірақ жүрегінде бір адал дос болса – сен ешқашан жалғыз емессің.



Айзат БАҚБЕРГЕН,
Ұ.Бағаев атындағы орта мектептің
II сынып оқушысы,
Алматы облысы, Кеген ауданы,
Алғабас ауылы.
Республикалық Farabi shakirti
журналы мен

www.farabishakirti.kz желілік-басылым
сайтының Жас тілшісі
Жетекшісі:
БЕКБАТЫРОВА Бекзат Оразханқызы

БУХГАЛТЕР МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ САПАСЫ – БИЗНЕСТІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА САТЫСЫ

**Музыка, махаббат және
бухгалтерлік есеп – мәңгілік!
В.К. Радостовец**

2026 жыл еліміздің бизнесі үшін түбегейлі өзгерістер кезеңі болмақ. Қолданысқа берілетін Жаңа салық кодексі барлық кәсіпкерлер үшін жаңаша таңдау жасауды талап ететін болады. Көптеген жеке кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген режимнен жалпыға бекітілген режимге өту қажеттілігі туындайды. Ұлттық статистика Бюросының мәліметтеріне сәйкес, 2025 жылдың 1 қаңтарына қатысты алғанда еліміздің экономикасына елеулі үлес қосушы жеке кәсіпкерлердің нақты саны 1 705 517 бірлікті құрады. Осы жеке кәсіпкерлердің тең жартысы ғана жалпыға бекітілген режимге көшетін болса, олардың әрқайсысына жеке бухгалтер қызметі көрсетуге тиісті болады. Осы үдерістер аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүзеге асырылатын 6B04105 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы еңбек нарығының заманауи сұраныстарына жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған. 6B04105 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша даярлық университетте 1999 жылдан бастау алған және 2004 жылдың 27 сәуірінен бастап арнайы кафедра арқылы жүзеге асырылады, бүгінгі күні Экономика және бизнес Жоғары мектебінің «Қаржы және есеп» кафедрасы тарапынан жүзеге асырылып келе жатыр.

«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының мақсаты – ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуге, қаржылық есептілікті қалыптастыруға, аудит пен қаржылық талдауды жүзеге асыруға, сондай-ақ цифрлық ортада басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Болон процесінің қағи-даттарына және Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің талаптарына, Білім беру сапасын қамтамасыз етудің еуропалық стандарттары мен ұсынымдарына (ESG) сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жоспары модульдік қағидат негізінде құрылған және студенттердің кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған. ҚазҰУ-дың «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасында халықаралық қаржылық есеп стандарттары (IFRS), Қазақстан Республикасының есеп және салық жүйесі, аудит пен ішкі бақылау заманауи цифрлық құралдармен ұштастырыла оқытылады. Яғни, теориялық даярлықпен қатар практикалық даярлыққа ерекше көңіл бөлінеді. Студенттер 1С, қаржылық деректер аналитикасымен (Excel), автоматтандырылған есеп жүйелерімен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Бұл түлектердің кәсіби бейімделуін жеделдетіп, олардың жұмыс берушілер алдындағы бәсекелік артықшылығын арттырады.

Бухгалтерия саласындағы күнделікті операцияларды толық автоматтандыру, Мемлекеттік жүйелермен Интеграциялануы, Бухгалтерия үшін мамандандырылған ЖИ-шешімдерді дамыту және есептеулер мен есептіліктің дәлдігін арттыру – бухгалтердің басты міндеттері болса, өз кезегінде бұл білім беру бағдарламаларының да негізін қалайды. Жасанды интеллект сенімді көмекші болатынын



түсіну маңызды, бірақ ол бухгалтердің кәсіби пікірін алмастырмайды. Жұмыс тиімділігін арттыру үшін ЖИ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бухгалтер - бақылаушы және стратег ретінде әрекет етеді.

Осы талаптарға сай мамандарды даярлау – жоғары оқу орындарының басты міндеті. Бұл тұрғыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жүзеге асырып отырған 6B04105 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы заманауи экономиканың сұранысына дәл жауап береді. Бағдарламаның ұзақ жылдық академиялық дәстүрі, халықаралық стандарттарға сәйкестігі, цифрлық технологиялармен ұштастырылған практикалық бағыты түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді. Жаңа Салық кодексінің енгізілуі, жеке кәсіпкерлер санының өсуі және бизнестің күрделенуі бухгалтерлік қызметке деген сұранысты одан әрі арттырады. Бұл өз кезегінде бухгалтерлерді даярлау сапасын экономиканың тұрақты дамуының негізгі факторларының біріне айналдырады.

Сондықтан да бухгалтер мамандарын даярлау – бұл тек білім беру саласының міндеті емес, елдің кәсіпкерлік әлеуетін күшейтуге, бизнестің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялық инвестиция. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәжірибесі көрсеткендей, сапалы білім, цифрлық құзыреттер мен кәсіби жауапкершілік үйлесім тапқан жағдайда бухгалтерлік есеп – бизнесті дамытудың жаңа сатысына жол ашады.

Музыка мен махаббат секілді, бухгалтерлік есеп те – уақытпен бірге өзгерсе де, маңызын ешқашан жоғалтпайтын мәңгілік құндылық.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«Қаржы және есеп» кафедрасы
Исаева А.А., Арыстамбаева А.З., Акимбаева Қ.Т.**



Farabi shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Казахстанский студент завоевал золотую медаль на международном чемпионате BRICS

Казахстанский студент стал обладателем золотой медали в области искусственного интеллекта на престижном международном чемпионате BRICS Skills Development and Technological Innovation Competition.

В рамках инициативы «Один пояс — один путь» и Года рабочих профессий активно развивается образовательное сотрудничество между Казахстаном и Китаем в сфере искусственного интеллекта.

Студент Кокшетауского высшего колледжа Ильяс Гатин занял первое место на международном конкурсе «2nd Artificial Intelligence Deep Learning Application Technology Competition». В соревновании приняли участие 20 лучших студентов из Конго, Камеруна, Южной Кореи, Японии и других стран, которые представили передовые проекты в области искусственного интеллекта и технологий глубокого обучения.

Профессиональная подготовка участников, их практические навыки и инновационные решения оценивались международными экспертами по высоким и строгим критериям.

Отметим, Ильяс Гатин и ранее демонстрировал высокие результаты на республиканских и

международных соревнованиях. На национальном чемпионате WorldSkills Kazakhstan–2024 он завоевал серебряную медаль по компетенции «Разработка мобильных приложений». Кроме того, в составе команды ProIT он стал победителем хакатона Inform Defence Hackathon, заняв I место.

Данное достижение наглядно подтверждает высокий потенциал студентов казахстанских колледжей и их конкурентоспособность на мировом уровне в сфере искусственного интеллекта, цифровых технологий и инноваций.

(Из сайта Министерство просвещения
Республики Казахстан)

Внутренняя и внешняя красота



Поэт и народный писатель Казахстана Кадыр Мырзалиев в своем стихотворении «Твой родной язык – твоя гордость» писал:

**Родной язык - в нём честь
И СОВЕСТЬ человека.
Учи чужую речь,
Свою цени навеки.**

Поэт в своих стихах оставил нам всем наставление. Сегодня на равне среди современных учителей я от всего сердца преподаю русский язык и литературу в казахской школе. По мере того, как развивается новый век и наше время, знание многих языков можно считать одним из главных требований к молодежи. Я считаю, что куда бы ни отправилась молодежь, знающий несколько языков, он должен уметь знакомить других с национальными ценностями, обычаями и историей, литературой, экономикой, культурой и духовным богатством своей родины на языке этой страны. Знакомя с ними, он сможет взаимодействовать с народом этой страны и получать много информации об их истории, культуре, литературе и традициях. Также может представить себя представителем казахской интеллигенции, необходимо, чтобы наряду с образованием он мог продемонстрировать свой характер, культуру и многогранность как личность.

Сегодня, осваивая новые технологии в школах, мы учим посредством воспитания поколения прекрасных людей с гармоничной внутренней и внешней красотой. Красота приходит к человечеству от прекрасной природы. Люди, живущие на этой земле, являются частью природы. Именно поэтому люди всегда страстно любят красоту и восхищаются ею. Они уделяют все свое внимание природе. Мы говорим, что природа и человек – близнецы, и поэтому мы обязаны беречь дар, который Творец дал человеку. Защита окружающей среды, сохранение и дальнейшее украшение зелени – общий долг каждого гражданина нашей страны. Внутренний и внешний облик, мысли и дела человека, находящегося в гармонии с природой, также должны быть прекрасными, культурными, и каждое действие должно быть наполнено моралью.

Давайте рассмотрим тему «Внутренняя и внешняя красота» из курса русского языка и литературы для 7 класса. Хочу в кратце рассказать о проведенном мною уроке. Цель урока: понимать главную и второстепенную информацию сплошных и несплошных текстов, связывая информацию с общеизвестными, повседневными знаниями; применять знаки препинания в предложениях. Привитие ценностей: уточнить представления детей о внешней и внутренней (духовной) красоте человека привить в детях умение видеть в человеке лучшие его стороны; развивать внимание, мышление, память; воспитывать стремление к внутреннему

самосовершенствованию.

Актуализация знаний. «Колечко красоты». Я предлагаю вам сыграть в интересную игру «Колечко красоты». Встаньте в круг. У меня есть колечко красоты. Стоит только коснуться этим колечком другого человека, как в том сразу же высвечиваются все лучшие черты характера и поступки, то есть все самое красивое, что есть у него в душе, вся его внутренняя красота. Учитель, обходя детей по кругу, незаметно кладет кому-либо колечко в ладошки. Затем дети говорят: «Колечко, колечко, выйди на крылечко».

Усвоение новых знаний и способов действий. Красота бывает внешняя. Это то, как человек выглядит. Можно сказать о человеке, что он красив, судя по его волосам, чертам лица, походке, одежде. На привлекательного человека приятно смотреть.

А еще, ребята, есть внутренняя красота. Это то, что у человека внутри, в душе. Если человек добрый, отзывчивый, заботливый, милосердный и внимательный к окружающим, то можно смело сказать, что у него красивая душа. А если человек злой, завистливый, грубый, эгоистичный и черствый, то и душа у него не красивая.

Стратегия «Диалог на стикерах». Ученики одной группы пишут на стикере вопрос для другой группы, обмениваются и отвечают на вопрос. Учитель предлагает провести анализ текста по следующему плану: одна группа составляет внешнюю красоту дома, другая группа составляет внутреннюю красоту дома, задача третьей группы объяснить смысл заключительных слов учителя.

Урок учителя должен быть информативным для ученика, а также интересным. В наше время, когда новые технологии быстро развиваются и у учеников есть возможность их изучать, я делаю каждую тему интересной и преподаю её с участием всех учеников в классе. Я использую на уроках новейшие технологии, в том числе интернет. На каждом уроке я проверяю домашнее задание и обсуждаю новую тему с учеником индивидуально.

Сегодня мы не можем отделить ребенка от социальных сетей, ни дома, ни в школе. Я думаю, что, делаясь полезными, образовательными темами и ежедневными новостями в социальных сетях, я даю ребенку возможность как можно глубже изучить русский язык и литературу. Когда нет разрыва между учителем и учеником, интерес к предмету возрастает, и сам ученик становится более мотивированным к полному освоению каждой темы. Возможно, нет большей радости, чем чувствовать, что учитель воодушевлен желанием ученика учиться и понимать преподаваемый им предмет!

**БАРМЕНКУЛОВА Зарина Нышамбековна,
Алматинская область.
Карасайский район.
КГУ СШ Қырғауылды
Farabi shahirti 27**



БЕКБОЛАТ

В старое время жил в степи бедный казах. Было у него четыре сына. Тяжело жилось им, голодали часто и вот пришлось им однажды зарезать своего последнего барана. Половину семья съела сразу же за ужином, а половину оставила в котле на следующий день.

Ложась спать, отец объявил семье:

- Остальное мясо завтра съест тот, кто увидит лучший сон.

На другой день утром сыновья стали рассказывать, кто что видел во сне.

- Я пас огромное стадо овец богача!- сказал старший сын.

- Я получил первый приз в кокпаре!- похвастался второй.

1(Кокпар - особого рода состязание на конях, "козлодрание".)

- Я женился на ханской дочке!- сообщил третий.

- Я тоже женился на дочери хана!- перебил четвертый сын, юноша Бекболат.- Я сделался ханом, а потом разыскал вас. Вы же бродили по аулам и нищенствовали.

- Я во сне доила овец!- вставила мать.

Отец избил Бекболата за плохой сон и прогнал, а сам рассказал, что во сне летал он под облаком на белоснежном крылатом коне - тулпаре.

Сон старика показался его жене и сыновьям лучше всех. Отец и съел один оставшееся мясо.

Бекболат покинул отцовскую юрту и пошел скитаться из одного аула в другой.

Однажды остановился юноша у крайней юрты и услышал, как старик и старуха горевали, что у них нет детей.

- Если бы аллах послал нам какого-нибудь сироту!- говорил старик.- Мы приютили бы его и усыновили. Вот было бы для нас счастье!

Бекболат обрадовался и вошел в юрту. Хозяйка стали расспрашивать его, кто он, откуда и куда идет.

- Я круглый сирота,- ответил юноша.- Хожу по аулам и собираю милостыню.

Переглянулись старики и сказали гостю:

- Это аллах услышал нашу молитву и послал тебя. Оставайся у нас и будь нашим сыном.

Бекболат с радостью согласился. Остался он у добрых людей и стал помогать старику пасти баранов и ловить рыбу.

Однажды пошел Бекболат рыбачить. Попалась ему на удочку такая громадная рыба, что он не смог ее вытащить. Пришли на подмогу старик со старухой. Потащили они втроем и тоже не могли ничего сделать.

- Ты держи удочку и не пускай рыбу!

Жену он послал домой приготовить все для стряпни, а сам вскочил на лошадь и поскакал в соседний аул звать людей на подмогу.

Как только старик и старуха удалились, из воды показалась невиданных размеров рыба и заговорила человеческим голосом:

- Отпусти меня, Бекболат. Не забуду я твою услугу и в трудную минуту тебе помогу.

- Как же ты сможешь мне помочь?- спросил Бекболат.- Ты уплывешь, и я тебя не найду.

- А ты выдерни у меня одну чешуйку,- ответила рыба.- Зажги ее, когда потребуется моя помощь, я приду.

Вывал Бекболат чешуйку, а рыбу отпустил на волю.

Вернулся старик вместе с жигитами. Видя их приближение, Бекболат забросил удочку в воду.

- Где рыба?- спросил старик.

- Не сумел удержать, ушла!

Страшно рассердился старик, побил Бекболата и прогнал его из дому.

Пошел опять Бекболат скитаться из одного аула в другой.

Встретил он однажды на своем пути верблюжонка с

золотистой шерстью. За ним гнался волк. Верблюжонок подбежал к Бекболату и сказал:

- Спаси меня, я тебе пригожусь.

Бекболат отогнал волка, а верблюжонок сказал:

- Вырви одну волосинку из моей шерсти. Когда я понадоблюсь, зажги ее, я приду.

Пошел Бекболат дальше. Видит - летят два орла, а за ними гонится птица бедаик. Подлетели орлы к Бекболату и просят:

- Спаси нас, мы тебе пригодимся.

Отогнал Бекболат птицу бедаик и выручил орлов из беды.

Сказали орлы юноше:

- Вырви у нас по перышку, а когда тебе потребуется наша помощь - зажги их. Мы сразу прилетим к тебе.

Вырвал Бекболат у орлов по перышку и зашагал своей дорогой. Видит, бежит навстречу лиса, а за ней летит беркут. Подбежала лиса к Бекболату и умоляет его:

- Спаси меня от беркута. Я тебе тоже пригожусь когда-нибудь.

Спас Бекболат лису. Говорит она ему:

- Выдерни из моей шкурки одну волосинку. Когда я потребуюсь тебе, зажги ее, ждать себя не заставлю.

Выдернул Бекболат волосинку и пошел дальше.

Шел он долго, наконец увидел аул. Зашел юноша в крайнюю юрту, в ней жили бездетные старик и старуха. Понравился им Бекболат, и оставили они его у себя вместо сына.

Стал жить Бекболат у стариков и помогать им по хозяйству.

Прошло несколько лет, и превратился он в стройного и красивого жигита.

Однажды прошел по степи слух, будто красавица Карааю, дочь хана Акбузау, хочет выйти замуж без калыма.

Стал Бекболат расспрашивать людей, правда ли это? Оказалось, слух правильный. Красавица Карааю ставит только одно условие жениху: он должен суметь спрятаться от нее три раза. И если Карааю хотя бы раз не обнаружит его, тогда она выйдет за него замуж без калыма. А если найдет все три раза, то снимет с жениха голову. Немало людей уже погибло от руки красавицы, но все же появлялись новые смельчаки, желавшие попытать счастья.

Бекболат решил отправиться к Карааю. Новые родители долго не пускали его, но он настоял на своем и ушел.

Карааю, увидев Бекболата, сказала:

- Ты будешь три раза прятаться от меня, а я буду тебя искать. Если найду - отрублю голову.

- Хорошо!- ответил Бекболат.- Только, не три раза, а четыре.

Карааю согласилась.

Вышел Бекболат из дворца, зажег шерстинку верблюжонка. В один миг прибежал верблюжонок. Рассказал ему Бекболат, что ему нужно от него.

- Садись на меня!- предложил верблюжонок и помчался на край света, за Ледовитое море. Спрятал он Бекболата в темном лесу.

Но Карааю крикнула:

- Бекболат, ты на верблюжонке ускакал на край света, за Ледовитое море и сидишь под деревом в темном лесу!

- Да,- ответил Бекболат.

Появился жигит во дворце и признался, что один раз он проиграл.

Стал Бекболат второй раз прятаться. Вышел он из дворца и зажег перышки орлов. Вмиг прилетели орлы. Рассказал Бекболат, что ему нужно. Посадили орлы жигита на крылья

и поднялись на седьмое небо.

Но Карааю снова крикнула:

- Бекболат, возвращайся! Ты на орлиных крыльях улетел на седьмое небо!

- Да,- ответил Бекболат и предстал перед ханской дочерью.

Признался он, что и второй раз проиграл.

Снова жигит вышел из дворца и зажег рыбью чешуйку. Сразу перед ним появилась та самая рыба, которую он отпустил в море.

Рассказал Бекболат, зачем он ее вызвал. Проглотила рыба жигита и опустилась на дно океана. Там спряталась она за большим камнем.

И опять Карааю угадала.

- Бекболат, вижу тебя за большим камнем на дне океана, куда унесла тебя рыба. Выходи!

Бекболат опечалился. Смерть повисла над его головой. Вышел он в четвертый раз и зажег лисьей шерстинку. Примчалась сразу лисица. Рассказал ей Бекболат свою беду.

- Не печалься, перехитрим мы красавицу Карааю,- о успокоила его лиса.- Если в условленный час она закричит: "Бекболат, я тебя не вижу",- ты молчи. Потом она скажет: "Вырыта норка с запада на восток. Но тебя, Бекболат, и здесь нет!" Тогда ты откликнись и выйди из своего убежища.

Сказав так, лиса вырыла огромную нору, которая начиналась у самого восхода солнца и выходила там, где солнце закатывалось, и проходила эта нора как раз под тронем Карааю.

- Теперь ты оставайся здесь, никуда не уходи, лежи и не шевелись. А дальше поступай по моему совету.

Попрощалась-лиса и ушла своей дорогой.

В условленный час красавица Карааю посмотрела всюду и, нигде не найдя Бекболата, крикнула:

- Бекболат, я тебя не вижу!

А Бекболат молчит.

Повторяет Карааю.

- Бекболат, я тебя не вижу!

Жигит и на этот раз не откликается.

Сказала Карааю:

- Вырыта норка с запада на восток. Бекболат, тебя и тут нет!

Бекболат на этот раз откликнулся: "Нет, я как раз здесь!" И появился перед ханской дочерью из-под самого ее трона. По гордости своей Карааю глядела всюду, но никогда не смотрела себе под ноги. Поэтому она и проиграла.

После этого Карааю вышла замуж за Бекболата.

Так Бекболат стал ханом.

Он разыскал своих бедных родителей и братьев, терпевших большую нужду.

- Ну как, отец, мой сон, кажется, сбывается?- спросил Бекболат старика.

- Да, ты увидел тогда самый лучший сон!- согласился отец.- Мясо надо было съесть тебе.

Отец был доволен сыном и умер, дожив до глубокой старости.

Братья Бекболата женились на красавицах и счастливо жили возле мудрого брата, которого народ любил за справедливость.

Источник <https://vseskazki.ru/narodnye/kazahskie-skazki/bekbolat-chitat.html>;
Картинка <https://egemen.kz/>



Winter Celebrations Around the World

Winter celebrations in Kazakhstan reflect a blend of ancient nomadic traditions, multicultural influences, and modern social life. Winters are long and cold, especially in the northern and central regions, which has historically shaped both everyday life and festive customs. Despite the harsh climate, winter is an important season for family gatherings, public events, and national celebrations.

NEW YEAR IN KAZAKHSTAN

The most widely celebrated winter holiday in Kazakhstan is Zhana Zhyl (New Year), celebrated on 1 January. This holiday is one of the most significant and eagerly anticipated events of the year. Cities and towns are decorated with festive lights, New Year trees, and ice sculptures, while public squares host concerts and celebrations. Families gather on New Year's Eve for a festive meal, exchange gifts, and welcome Ayaz Ata (Father Frost) and his

granddaughter Akshakar. Fireworks at midnight and televised programs are common across the country, making Zhana Zhyl a unifying celebration for people of all ethnic backgrounds.

Orthodox Christmas, celebrated on 7 January, is also observed by many citizens, particularly among Russian and other Slavic communities. Although it is not a central holiday for everyone, it is officially recognized and reflects Kazakhstan's multicultural and multi-religious society. Church services, family gatherings, and charitable traditions are typical during this time.

In addition to major holidays, winter in Kazakhstan includes local festivals, traditional games, and winter sports. In rural areas, elements of nomadic heritage remain visible through communal feasts, horse-related traditions, and winter outdoor activities. These customs emphasize resilience, hospitality, and respect for tradition.

Overall, winter celebrations in Kazakhstan combine modern festivities with deep cultural roots. Even during the coldest months, these traditions foster a sense of warmth, unity, and shared identity across the country.

CHRISTMAS IN EUROPE

Across Europe, winter is closely associated with Christmas celebrations. Countries such as Germany, France, and the United Kingdom celebrate with festive markets, decorated town squares, and family gatherings. Traditional foods, music, and religious services play an important role in bringing communities together during the cold season.

HANUKKAH IN ISRAEL AND JEWISH COMMUNITIES WORLDWIDE

Hanukkah, also known as the Festival of Lights, is celebrated over eight days and nights. Families light the menorah, exchange gifts, and enjoy traditional foods such as latkes and sufganiyot. The celebration emphasizes resilience, faith, and cultural identity during the winter months.

LUNAR NEW YEAR IN EAST ASIA

In countries such as China, South Korea, and Vietnam, winter celebrations often culminate in the Lunar New Year. Families reunite, homes are cleaned and decorated, and fireworks are used to welcome good fortune. Although the date varies, the festival usually falls in late winter.

DIWALI WINTER OBSERVANCES IN INDIA

While Diwali is primarily an autumn festival, in some regions of India winter months include post-Diwali gatherings and harvest-related celebrations. These events emphasize gratitude, community bonding, and spiritual reflection during the cooler season.

WINTER SOLSTICE FESTIVALS IN SCANDINAVIA

In Scandinavian countries, the winter solstice is marked with festivals such as St. Lucia Day. Candles, songs, and traditional clothing are used to symbolize light overcoming darkness. These celebrations reflect the deep cultural connection to nature and seasonal cycles.

source:<https://www.britannica.com/topic/Winter-Holidays>;

<https://www.britannica.com/list/7-winter-solstice-celebrations-from-around-the-world>;

<https://www.britannica.com/topic/Hanukkah>;

<https://www.britannica.com/event/Christmas>;

<https://www.britannica.com/event/Lunar-New-Year>;

https://en.wikipedia.org/wiki/St._Lucia%27s_Day;

<https://en.wikipedia.org/wiki/Lohri>;

https://en.wikipedia.org/wiki/Dongzhi_Festival.

The article was translated into the editorial journal "Farabi shakirti".



«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы
2026 жылға журналдың электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

* Занды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72

* Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80

ИНДЕКСІ: 76081

«Қатон – қарағай ұлттық паркі»
ШҚО